

АБАЙ  
ҚҰНАНБАЕВ




# ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ  
ОПЕРА ИНСТИТУТЫ



ҚАЗАҚ ССР-нің «Ғ Ы Л Ы М» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1977



1991

АБАЙ  
(ИБРАҺИМ)  
ҚҰНАНБАЕВ



ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЕКІ ТОМДЫҚ  
ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ  
БІРІНШІ ТОМ

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР

1991

Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. I том. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977.  
454 б.

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдығын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктер мен кемістіктер түгелдей ескеріле отырып, тыңнан текстологиялық тексерулер жүргізілді, түсіндірме сөздер толықтырылып, түзетілді. Сондай-ақ Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келген орынды пікір мен ұтымды ұсыныстар қабылданды.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КОЛЛЕГИЯ

*З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, Ә. Дербісәлин,  
М. Жармұқамедов, Қ. Сыдиқов (жауапты шығарушы),  
М. Қаратаев, Ә. Шәріпов*

Жалпы редакциясын басқарған  
Қазақ ССР Ғылым академиясының  
корреспондент-мүшесі  
**Ы. Дүйсенбаев**

А  $\frac{70403-011}{407(07)-77}$  124—77

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж.

Қазақ әдебиетінің классигі Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың әдеби мұрасын жинау, жариялау, зерттеудің өзіндік күрделі тарихы бар екендігі баршаға аян. Кеменгер ақынның шығармаларын көпшілікке тарату ісі тек совет жылдарында ғана мықтап қолға алынды, ал оларды зерттеу, тексеру де ғылыми жолға қойылды. Абайдың үлкенді-кішілі жинақтары үдіксіз бірінен соң бірі жарық көріп жатты. Мәселен, таңдамалы басылымдары 10 рет, ал толық жинақтары да 10 мәртебе жарияланды. Бұл қазақ тілінде басылып шыққандарын ғана сөз етіп отырмыз.

Осыған орай ақын мұрасын меңгеруде бір-ақ жұмыс істелді де, жеткен табысымыз да баршылық. Әйтсе де, әлі де болсын жетіспей қалған жағымыз, жойыла қоймаған олқылығымыз да ара-тұра кездесіп отырады. Тегі сол кемістіктеріміз салдарынан туса керек, соңғы жылдарда мерзімді баспасөз беттерінде, кейбір жеке зерттеулерде Абай мұрасының жайы оқта-текте сөз болып келді. Әрине осының бәрі еріккеннің ермегінен туған арзан ойлар немесе дүмбілез долбарлар емес. Шын мәнін-

де ұлт мақтанышына айналған Абай тұлғасын шырқау биікке көтеру, оның асыл мұрасын келешек ұрпақ пәр алатын сарқылмас рухани азық ету.

Бұл ретте әдеби қауымның тілск-талабы негізінде үлкен екі арнаға саятындай:

1. Ақын шығармаларының жаңа нұсқаларын табу, бұрыннан мәлім қорды толықтыра түсу.

2. Абай сөзіне, сөйлеміне, шумағына түзету, өзгерту енгізу, яғни текстология мәселесі.

Сөз жоқ, екеуі де өте орынды талаптар. Замана тілегінен, ғылыми жұмыс даму мұқтажынан туған бұлжымас міндеттер. Рас, тілск-талаптардың ойдағыдай және жедел жүзеге асуына қажетті жағдайларды да ескерген жөн. Әйтпесе, қаласаң ғана болды, дереу орындала салатын сиқыр дүние емес қой.

Ал Абай мұрасын зерттеудің хал-ахуалы, сатылы жолдары, қиын-қыстау кезеңдері, сапасақуаты хақында бұрын-соңды талай рет сөз болып келгендіктен, біз осы екі томдықты баспаға дайындаудағы бар мүмкіншіліктерімізге алдын ала, қысқаша тоқтап өтсек дейміз.

Ең алдымен Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы қорында және Мұхтар Әуезовтің әдеби мемориалдық музейі архивында сақтаулы тұрған Мүрсейіт Бікейұлының үш көшірмесін (1905, 1907, 1910) негізгі дерек ретінде атаған дұрыс. Оларды сан мәртебе пайдалансақ та, бұл жолы Абайдың қара сөзіне («Ғақлияға») текстологиялық жұмыс жүргізгенде, осы үш көшірмені өз ара қайта салыстырып шығуға тура келді. Демек, «Ғақлияға» тұңғыш рет тексто-

логиялық тексеру жүргізіліп, қалыптасқан (канондық) тексті жасаудың алғашқы бастамасы қолға алынды.

Біз сүйенген тағы бір құнды материалдар — Абайдың негізгі басылымдары (1909, 1933, 1945, 1957).

Бұлардан басқа қосалқы материалдар ұлы ақынның әр жылдарда жарияланған кейбір жеке шығармалары, бірен-саран ұшырасатын қолжазбалар, көшірмелер.

Қорыта айтсақ, Абай шығармаларына жан-жақты, терең текстологиялық жұмыс жүргізерліктей деректі материалдарымыз онша бай болмаса да, құр алақан да емеспіз. Амал қанша, барға қанағат етеміз де.

Сөйтіп, басты бір талап: Абай шығармаларының қайтсе де санын көбейту, толықтыра түсу дедік. Тегі мұндай тілек ел арасында «Абайдікі-міс» саналған өлеңдердің әлі күнге дейін орын теуіп келгендігінен болса керек. Ақынның дүние салғанына 70 жылдан асып кетсе де, ауыз әдбиеті дәстүрінің әсерімен қанатты сөздерді, әсем шумақтарды, яки түгелдей жыр-толғауларды Абай есіміне таңу тоқталмаған, кейбір жібі түзу өлеңдерді «мынау Абайдікі» деушілікті әрдайым кездестіріп отырамыз. Әлбетте, кімге де болсын бұл жөнінде тыйым салу қиын, орынсыз да. Дегенмен, есте тұтатын ақиқат бір шындық бар: санын көбейтеміз деп жүріп, сапасын тым құлдыратып алмалық. Өте жақсы саналған шығармалардың өздерін, егер олар Абайдың көк-сеген арманына қайшы, ақындық өнеріне жанаспа, бет алды қызығу арқылы Абайдың



алтын мұрасын бөгде қосындымен былғама-лық. Алда-жалда, «осы бір шығарма Абайді-кі-ау» — дегеннің өзінде ақын мұрасымен жете таныс мамандардың қатысулары бойынша әбден талқылап, бір тұжырымға тоқтаған соң ғана Абай мұрасы деп қабылдаған дұрыс. Бұл ретте алдын ала арнайы кеңестер шақырған, ғылыми айтыстар ұйымдастырған жөн. Біздің топшылауымызша, бірден-бір айқын жол осы ғана, басқа ешбір лаж жоқ секілді.

Мұхтар Әуезов ұлы ақын шығармаларының қазіргі құрамы (составы) таза болуын, күмәнді яки құнсыз қосындылар енбеуін талап етіп, сан рет ескертіп жүретін-ді. Бірде біздің Институтқа әдейі келіп, Зәки Ахметов екеуімізге осы тілегін қайталап, қадағалап айтты, қатал талап қойды.

Абай мұрасының қорына қосуға ұсынылып жүрген шығармалардың кейбіреулеріне тоқтап көрелік.

1. «Жаңа закон» аталатын 140 жол ұзақ өлең (Г. Н. Потанин архивынан тапқан — Ә. Х. Марғұлан). Мүмкін, бұл шығарманың қазақ әдебиеті тарихынан аларлық өзіндік орны да бар шығар. Біз оны жоққа шығару немесе қазақ мәдениетіне елеулі еңбек сіңіріп жүрген көрнекті ғалымның ізгі еңбегіне күдік туғызу ниетінен аулақпыз. Бір жайды, осы өлеңді Абайдың жазбағанын, ол Абай қаламынан тумағанын дәлелдемекпіз. Сырт қарағанда «Жаңа законның» кейбір сөздері мен шумақтары Абайды аздап еске түсіретіні рас, бірақ бұл алдамшы көрініс. Себебі, ең әуелі, өлеңнің көркемдік жағы нашар, Абайдың біз-

ге мәлім шығармаларынан көш төмен жатыр. Екіншіден, идеялық тұрғыдан қарағанда да агартушы, гуманист ақынның ұстаған позициясына қайшы, керек десеңіз қарама-қарсы келетін көзқарастар көп.

Қолжазбаның бірінші бетінде орысша былай деп жазылған: «Джанга законъ 1884 года марта 2-го дня». Кеңсе күзеткен чиновниктің стилі.

Өлеңнің өзі мына бір шумақтардан басталады:

Орысқа қарағалы көп жыл болған,  
Бір де еркек жоқ ел үшін еңбек қылған.  
Патшаға барып жүрген жақсыларын,  
Шекпен үшін, шен үшін босқа ұмтылған.

Хабар жетіп патшаға біздің жақтан,  
Жаны ашып ойшыларға ой ойлатқан.  
Қазаққа осы жақсы пайдалы деп,  
Ойшылар жаңа закон нисам тапқан.

Шығарған бір законды қазаққа деп,  
Бұрынғыдай қалмасын азапқа деп.  
Қазы, майор, тілмаш пен казак орыс  
Елді иттей таламасын мазаққа деп.

Түзетемін десе де қазақ халқын,  
Іштегілер көп білмес елдің парқын.  
Ниеті алал болса да пайда қылмақ,  
Өзім пайда демеймін мұның артын...

Осы шумақтарды Абай жазды деуге қалай ауыз барады. Олардың авторы патша ағзамның мейіріміне табынып, қамқорлығына сеніп, үміт артқан тәуелді жан ретінде сипатталмай ма? Сонда ақ патша қалың қазақтың қамын

жеп, жаны ашыған соң «Ойшыларына ой ойлатқан, жаңа нұсқа тапқан» болып шығады. Сол Жаңа закон бойынша қазақтарды «Қазы, майор, тілмаш пен казак орыстардан» қорғап, араша түсетін де сол Ресей патшасы-мыс. Осылардың бәрі де Абайға жат дүниелер.

Өлеңді әрі қарай оқып көрелік, бәлкім «жаңалық» табылар:

Ер, қатын жанжал болса анда-санда,  
Бітіруші еді кітабымен указ молда.  
Муфтиден бізді айырды, указ қалды,  
Ендігі ерік ояз бен жандаралда...

Ақын патша ағзам алдында елбең қаққанын тез ұмытып, енді дін қағидаларының орындалмағанына қатты қынжылады да, өз ойын ашық білдіреді.

...Орыс біздің қарамас төтемізге,  
Шариғатсыз, биліксіз кетеміз бе.  
Біздерден заңы бөлек, діні бөлек.  
Олар неге кірісті некемізге...

Мұндай жолдарды Абайға таңуға бола қоймас. Данышпан ақын, озат қайраткердің ізгі ойларына, көксеген асыл-арманына қарсы көз-қарастар, жат түсініктер. Өйткені, өлең авторының көздеп отырғаны қазақтың ескі өмірін қаз-қалпында сақтау, ислам дінінің шырқын бұзбау, ісі орыстан безіну:

Жақпаса надан біздің қылығымыз,  
Келіспесе қазақша тұруымыз.  
Дінімізге тимесін, өзгемізді  
Өз заңына-ақ салсашы ұлығымыз..

Алайда, ақын «шындықты» есіне қайта түсіріп, «біздің барымызды алсаң да, түгелдей бағындырсаң да, тек дінімізге тиге» деп ұлыққа жалынып, тағы да толқымалы халге көшеді. Ақыр-аяғында ұзақ өлең былайша түйіледі:

Патша тіпті қас емес, біздерге дос,  
Ақылдас, байғұс қазақ басыңды қос.  
Бұл закон бізге тынышсыз болды ғой деп,  
Өзіне жеткізеңші жүргенше бос.

Осындай қорытындыдан кейін не күтуге болады? Автор ойының тайыздығы, екі-үштылығы, тілегінің құнарсыздығы және халық мүддесіне мүлдем жанаспайтындығы ап-айқын сезілмей ме?! Ендеше, Абай мұрасын мұндай шығармамен «толықтырудың» қажеті аз шығар.

2. Сол Г. Н. Потанин архивында сақталған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының тағы бір көлемді нұсқасын Абайға таңушылар да табылады. Бір есептен, ел арасына мол таратқан әйгілі дастанды Абай өзінше жырлап, толықтырса, өңдесе, сөйтіп әбден кемеліне келтірсе, оның не ерсілігі бар. Бүкіл жер жүзі әдебиеті тарихында мұндай мысалдар біренсаран кездеседі ғой. Ақиқат та басқаша.

«Қозы Көрпеш — Баян қыз» аталатын жаңа версияның құндылығы, лиро-эпосты зерттеушілер үшін өте қажетті дерек екендігі ешбір шүбә туғызбайды. Бірақ мұны Абай жазды деген тұжырым дәлелсіз, асығыс айтылған пікір.

Ә. Х. Марғұлан мынадай бір жорамал ұсынады: Н. Я. Қоншинға келіп түскен материал

дардың ішінде аталмыш нұсқа бар екен. Ал пакеттің сыртына «А. Қ.» — деп жазылыпты. Міне осыған қарап Әлікей Хақанұлы төмендегідей үзілді-кесілді қорытындыға келеді: «Ең алдымен,— дейді Әлекең,— А. Қ. (оның қазақшасы — А. Қ.), яғни Абай Құнанбайұлы дегенді білдіреді. Ендеше, «Қозы Көрпеш — Баян қыз» дастанын қайтадан жазып шыққан бұл жолы Абайдың өзі». Бұлайша бірден кесіп айтуға, біздіңше, әзірге ертерек тәрізді. Күні бүгінге шейін Абайдың өз қолымен жазылған бірде-бір қағазды (қолжазбаны) білмейміз. Өйткені оның тек бір документке «Ибр. Қунанбаев» деп қол қойғаны ғана сақталыпты. Ал, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» аталатын шағын мақаланы бірден-бір жеткен Абайдың оригиналы санап келсек те, шынында тап солай екендігіне шүбәсіз дәлеліміз тағы жоқ. «Ана бір қағазды немесе мына бір тексті» Абай жазған екен деп жорамалдап жүргеніміз, шынында, дәл емес, тек көңілмен жору, оймен долбарлау.

Оның бер жағында, халық арасына ертеден тарап кеткен көне үлгіні (мысалы: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын), егер оған түбегейлі өзгеріс енгізілмесе, сол бұрынғы жүйелі сарынды сақтап, түгелдей дерлік қайталаса, бірен-саран айырмашылықтарына қарап, пәленнің нұсқасы деп айдар тағуға ешбір қисын жоқ.

3. Қайым Мұқаметханов, Әбіш Жиреншин, Әрсен Ибатов, Садық Қасиманов, Мұздыбай Бейсенбаев және басқалар әр жылдарда, дүркін-дүркін «Абайдың жаңа табылған өлеңдері»

деген атпен азды-көпті материалдар жариялан келді. Солардың ішінен тек Қайым Мұқамбетханов ұсынған бір топ өлеңдер болмаса, басқалары аяқ асты қала берді. Себебі, кездейсоқ, жеңіл-желпі ұсыныла салынған шығармалардың басым көпшілігі, бір жағы, көркемдігі өте нашар болса, сондай-ақ, «анадан жазылып алынды, мынадан естіп едік»,— деген жалпылама сөздер ғана арқау етілгендіктен, күдіксіз дерек ретінде пайдалануға жарамай отыр.

Ал, енді екінші маңызды мәселеге, яғни текстология жұмысына көшетін болсақ, мұнда ақылдасатын, ойласатын, өз ара келісетін жайлар аз емес тәрізді.

Ең әуелі текстология дегеніміз не және ол қазақ әдебиет тану ғылымында нендей дәрежеде дамыды, қаншалық өркендеді?

Әдетте текстологияны филологияның үлкен бір саласы санайды. Онда сан түрлі текстердің өз ара айырмашылықтары мен жазылу тарихы тексерілетіні айтылады. Көрнекті совет ғалымы академик Д. С. Лихачев өзінің «Текстология» аталатын қысқаша очеркінде осы ілімнің, яғни текстологияның қыры мен сырына жақсы тоқталған. Ғалымның түсіндіруінше қарапайым оқушының шығармадан тікелей алатын әсері мен сол шығармаға деген текстолог-зерттеушінің көзқарасында үлкен айырма бар секілді. Егер алғашқысы (оқушы) автор тексті ешбір үзіліссіз (өзгеріссіз) бірден қағаз бетіне түсті деп ұғынса, екіншісі (текстолог) текстерде орын тепкен құбылыстардың түп төркінін айқындайды, жазылу

жолдарындағы құпияларын ашып береді. Қысқасы, текстолог-ғалым автордың көздегеніне көбінесе қарсы әрекет жасағандай тәрізденеді. Оның мақсаты текстердегі ерекшеліктерді табумен бірге олардың жазылу тарихын айқындау, автор варианттарын мұқият тексеру арқылы қалыптасқан (қаноидық) тексті ұсыну, тағысын-тағылар.

Біздің жағдайда текстологиялық жұмысы кең көлемде өрістемей, шын мәнінде ғылыми тұрғыда жүргізілмей келді. Өйткені, классик жазушылар шығармаларының дені дерлік түп нұсқа (оригинал) күйінде сақталмағандықтан, мұндай игі істі тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік оншалық бола қойған жоқ. Әйтсе де қолда барды сарқа пайдаланып, азды-көпті жұмыстар жүзеге асырылды. Мысалы, соңғы жылдарда Абай Құнанбаев, Махамбет Өтемісов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бернияз Күлеев шығармаларына біршама, кейде тәп-тәуір текстологиялық тексерулер жасалды дей аламыз.

Сонымен, қолда бар мүмкіншіліктерге қарай текстология жұмысымен үнемі шұғылданып келсек, енді оны бұдан былай да жүргізе бермекпіз.

Мүмкін, кейде бұл істегі табысымыз айта қаларлықтай бола да бермес. Бірақ оған қарап: «Бізде бұл жұмыс мүлдем жоқ» деп ауызды қу шөппен сүрту орынсыз.

Бұл салада бізді қандай міндеттер күтіп тұр? Кімдер не айтты, нендей ұсыныстар жасады, талаптар қойды? Соларға қысқаша шөбеу жасап өтедік.

Әр кезде мерзімді баспасөз беттерінде мақалалар жарияланып, жеке зерттеулер жазылып, Абай мұрасы әрдайым сөз болып келді. Біз солардың ішінен тек кейбіреулерін ғана сөз етпекпіз. Мысалы, «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» деген атпен 1959 жылы Қайым Мұқаметхановтың еңбегі жарық көрді.

Қайым Мұқаметханов Абай мұрасын және ұлы ақын төңірегіне шоғырланған басқа да авторлардың шығармаларын зерттеуде көптеген ғылыми еңбектер жазып, елеулі үлес қосқан ғалым. Демек, оның пікірлерімен санасқан абзал. Алайда, ілікте ғана аталған монографиясына екі түрлі себеппен арнайы тоқталмаймыз.

*Бірінші себеп* — автор осы еңбегін жазғанда, неге екені белгісіз, өз зерттеуіне негіз етіп Абай шығармаларының 1954 жылы жарияланған басылымын алыпты. Бұл екі томдық өте бір қнын жағдайда баспаға дайындалып, лажсыздан кеткен олқылық-кемістіктермен шыққан болатын-ды. Ал мұны өзгелерден гөрі К. Мұқаметханов жолдас жақсырақ білетін.

*Екінші себеп* — сол кітапта өте орынды көрсетілген кемшіліктердің көпшілігі Абайдың 1957 жылғы басылымында түзетілді, күдіксіз дегендері қабылданды. Бірақ та біз өз жорамалдарымыз бойынша беталды түзете берушілікке жол берген жоқпыз. Мысалы: К. Мұқаметханов аталмыш сол еңбегінде: «Абайдың өз қолжазбасының сақталмауы ақын шығармаларының баспадан шығып жүрген жинақтарының текстология мәселесін зерттеу ісінде



зор қиындыққа ұшыратады» ...дей келе, тіпті қызық қорытынды шығарады. «Абайдың басылып жүрген жинақтарындағы, сол сияқты Абай шығармаларын көшірушілердің қолжазбаларындағы ақын өлеңінің кейбір шумақтарын, жеке сөздерін дәл бермей, түп нұсқаға нұқсан келтіріп тұрған, шығарманың көркемдігін, мазмұн-идеясын бұзып, күдік тудырып тұрған жерлеріне кездескенде автор (яғни Қ. Мұқаметханов — *Ы. Д.*) өзінің жорамалына (гипотезасына) сүйеніп, өз пікірін дәлелдеуді де орынды санады. Сондықтан басқа сүйенер мағлұмат болмаған жерде өзімізше, дәлелді деген пікірімізді жорамалмен (гипотезамен) анықтауға сүйендік»<sup>1</sup>,— деп ашық айтады.

Сонда бұл қалай? Егер Мұқаметханов біреу ғана болса, бір сәрі ғой. Алда-жалда, тағы бірнеше кісі табылып (бұл қиын дүние емес қой), олардың әрқайсысы өз гипотезаларын қолданса, аз уақыттың ішінде Абай мұрасынан түгелдей дерлік айрылып, жер сипап қалып жүрмейміз бе?! Демек, жорамалдаудың жолы осы екен деп, құрғақ фантазияға ерік беруге бола қояр ма екен?

Тәкен Әлімқұлов та оқта-текте Абай мұрасы хақында әңгіме қозғап қояды. Бірде ол кеменгер ақынның творчестволық лабораториясына үңіліп, шеберлік өнерінің сырын ашуға ұмтылса, көбінше Абайдың өмірбаянындағы көмескі деректерді, яки текстологиясында-

---

<sup>1</sup> Мұқаметханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында. Алматы, 1959, 13-б.

ғы даулы мәселелерді сөз етеді. Т. Әлімқұловтың көптеген ойлары ізгі тілектен туған дұрыс топшылаулар, байсалды тұжырымдар. Әйтсе де оның кейбір болжамында екі-үшты, жаңсақ жорамалдар ұшырасса, тағы бір деректерінде нақтылық, дәлдік аз, жалпылама долбармен айта салған, немесе басқа біреулердің мәліметтеріне сүйенгенде, олардың түп төркіні қайдан шыққанына оншалық мән бермеген. Мысалы, Абай шығармаларының Таһри тәржімасымен Иранда жариялануы, сондай-ақ Ғабдулла Тоқайдың: «Бұл — ұлы ақын. Бұдан үйренуіміз керек» — деп Абайды қоспестеуі — көңіл аударарлық, өте қызықты фактілер. Бірақ, амал қайсы, олардың қай жерде, қай мезгілде, нендей жағдайда жарияланғаны, айтылғаны беймәлім, тиянақты деректер көрсетілмеген.

«Тағы да Абай мұрасы хақында» деген мақаласында Т. Әлімқұлов былайша түйеді: «Семейлік Садық Қасиманов қария жерлес ақынның текстологиясы хақында қызықты пікір айтады. Мәселен, ол Абайдың «Сіз қырғауыл жез қанат, Аш бетіңді, бері қарат» деген жолдары: «Сіз қырғауыл жез қанат, Ұш, бетіңді бер қарат» боп басылуы керек» — дейді. Бұған құлақ аспауға қандай орын бар?! Қырғауыл бетін ашатын пәренжелі әйел емес, жаңа түскен келіншек те емес. Ол ұшады. Ұшқан құсқа мергеннің «бетіңді бері қарат» — деуі бек мүмкін»<sup>2</sup>...

---

<sup>2</sup> «Қазақ әдебиеті», 1974, 5 июль.

## Абай шумақтарын толық оқылық:

Иығымда сіздің шаш,  
Айқаласып тай-талас,  
Ләззет алсақ болмай ма,  
Көз жұмулы, көңіл мас?

Сізде сымбат, бізде ықылас,  
Осы сөзім бәрі рас.  
Сіздей жардың жалғанда  
Қызығына жан тоймас...

Жүрек балкып игенде,  
Ішкі сырды түйгенде,  
Іздеп табар сұңқармын,  
Жарастықты шүйгенде.

Қылығында жоқ оғат,  
Қарап тойман жүз қабат.  
Ыстық тартып барасын  
Бір сағаттан бір сағат.

Сіз — қырғауыл жез қанат,  
Аш бетінді, бер қарат.  
Жақындай бер жуықтап,  
Тамағыңнан айқалат!

Бұл өлең «Жігіт сөзі» деп аталады. Оның өн бойында құмартқан жігіттің ыстық сезімі суреттеледі. Сөзінің соңында ол сүйгенін жез қанатты қырғауылға теңесе, ғашығын құсқа айналдырып ұшырып жібермек емес. Ежелгі әдет бойынша ақын көркем теңеу тәсілін қолданып отыр. Қашанда көркем сөздің, әсіресе поэзияның құдіреті әсірелеп, айшықтап, теңеп айтуында емес пе? Бұл ретте дүние жүзі лирикасынан сансыз мысалдар келтіруге болар еді...

Абай мұрасын толықтыра түсуге немесе ақынның жазғандарын дұрыстап оқуға ешкім де қарсы емес. Амал қанша, Абайдың өз қолжазбасы сақталмаған соң, «осы қалай болар екен, былайша оқып көрсе қайтер еді» деген пікірлер айтылып, жорамалдар ұсынылуы табиғи құбылыс. Келешекте де бола бермек. Бір ғана мысал келтірелік. 1974 жылы Шыңғыс қойнауынан Абайдың бізге беймәлім тағы бір көшірмесі табылды. Ақынның Семей қаласындағы әдеби-мемориалдық музейінің аға ғылыми қызметкері Мұздыбай Бейсенбаев осы көшірме жөнінде былай дейді: «...Абай атындағы совхоздың «Тоғжан» комсомол-жастар бригадасының шопандары мал бағып жүріп, Шыңғыс қойнауынан бір байлам кітаптар... тауып алған... Араб әрпімен басылған көп кітаптың ішінен ақынның 1909 жылы Петербургте басылған өлеңдер жинағы табылды... Сондай-ақ, екінші бір таптырмайтын бағалы экзонат деп ақын өлеңдерінің қолжазбасын айту керек... Зерттеп байқағанымызда қолжазба Абайдың жерлесі Әміржан Аяпбай ұлының болып шықты...»<sup>3</sup>.

Әзірге біздің қолымызда аталмыш қолжазбаның фотокопиясы ғана бар. Қолжазбаның сүткіл бүлінген жерлері фотоға түсіргенде ажарып қалыпты. Бұрынғы басылып келген нұсқамен салыстырғанда біраз айырмашылықтар бар екен.

Ең алдымен айтарымыз: Мүрсейіт қолжазбаларынан кейінгі біршама дұрыс дерек осы көшірме. Біз оны бұдан былай Шыңғыстау

<sup>3</sup> «Қазақ әдебиеті», 1974, 19 июль.

нұсқасы деп атайтын боламыз. Жоғарыда келтірілген мақаласында М. Бейсенбаев көшіруші Әміржан Айнабайұлы деп атаса да, бірақ бұл мәліметтің қайдан алынғаны көрсетілмеген.

Өкінішті бір нәрсе, қолжазба түгел емес, 44-бетте үзіліп қалған, соңғы парақтары сақталмаған.

Бізге мәлім Абай текстеріне қарағанда Шыңғыстау нұсқасында біраз айырмашылықтар кездеседі. Солардың ішінде көкейге қонатын, ой салатын өзгерістері де бар. Бірер мысал келтірелік.

Әсетке деген өлеңінің үшінші шумағындағы соңғы екі жол:

Татымды ештеме болмас,  
*Адамсып* босқа талтандар,—

деп жарияланып келсе, Шыңғыстау нұсқасында басқашарақ алынған:

Татымды ештеме болмас,  
*Адам боп* босқа талтандар.

Ал, «Көк тұман — алдыңдағы келер заман» деп басталатын толғаудың екінші шумағының екінші жолы бұрынғы басылымдарында:

Келер, кетер артына *түк қалдырмас*, —

болса, аталмыш қолжазбада:

Келер, кетер, артына *бір қайрылмас*,—

делінген. Осы өлеңнің төртінші шумағының үшінші жолы:

делінсе, бұл жол қолжазбада сәл өзгерек қабылданған:

*Ғадалатлік, арлылық, мархаматпен.*

Осы келтірілген мысалдарда қолжазбадағы текстері дәлірек, күштірек көрінеді.

Сөйтіп, Абай мұрасын жинау әлі аяқталмағанын көреміз. Мүмкін, келешекте сәті түсіп, ұлы ақынның өз қолжазбасы да табылып қалар. Алайда, бұлжымас бір шарт өзгермейді: Абай есіміне байланысты материалдарға, деректерге, жорамалдарға әр қашан зор іждағат, қатал толғаммен қарауымыз міндет.

Сайып келгенде қандай қорытындылар шығаруға болар еді?

Абай шығармаларын жинау, жариялау, зерттеу жұмысы ондаған жылдар бойына үзілмей жүргізіліп келеді. Бұл істе елеулі табыстарға да жеттік. Қазақ әдебиет зерттеу ғылымында Абайды тану аталатын жаңа сала пайда болды. Оның негізін қалап, ерекше сүйбек сіңірген аса көрнекті ғалым Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуде, теориялық мәселелерін меңгеруде табыстарға жетумен бірге, енді сол теориялық проблемаларды жоғары сатыда, әрі тереңірек, әрі жан-жақты тексеруге тиіспіз. Өткендегі жеткен жетістіктерімізді ескере және соларға сүйене отыра, Абай мұрасын жаңа тұрғыдан, жаңа

талаптан қарайтын уақыт жетті. Осыған орай алдағы кезде өз шешімдерін күткен бірнеше өте маңызды мәселелер тұр. Солардың тек басты-бастыларын ғана санап өтелік.

1. Абай реализмінің табиғатын тану, оның жалпы қасиеттерімен қатар, ХІХ ғасырдың екінші жарымындағы қазақ болмысына байланысты туған өзіндік ерекшеліктерін айыру, айқындау. Демек, бұл мәселе төңірегінде орын тебе бастаған екі-үшты тұжырымдарға, жаңсақ пікірлерге жауап беру, Абай реализмінің басын ашып алу.

2. Абай шығармаларының тұрақты (канондық) текстің жасау. Текстологиялық жұмысты әлде де (бар мүмкіндікке қарай) жүргізе түсіп, сол канондық тексті дайындағанда (әзірге сөз етіп отырғанымыз Абайдың поэзиясы ғана.— *Ы. Д.*) ұлы ақынның 1957 жылғы және осы басылымын негізге алған дұрыс.

3. Абай қара сөздеріне тағы да оралып, оларға текстологиялық жұмысты мұқият жүргізумен бірге, ғылыми талдау жасаған жөн. Біз оларға түрлі себептерді сылтауратып, күні бүгінге дейін жөнді көңіл бөлмей келдік, мұнымыз қате. Ал Абай қара сөзі (ғақлиясы) арнайы тексеруді, ерекше көңіл бөлуді талап ететін күрделі мәселе, қызықты құбылыс.

4. Абай мен Шығыс деген тақырып. Бұл мәселе жүре-бара қарауға, атүсті тексеруге көнбейді, көптеген ізденісті, қажырлы еңбекті талап етеді.

5. Абай шығармаларын басқа тілдерге, ең алдымен орыс тіліне, аударылуындағы кемшіліктер баршылық және сан алуан. Енді осы

жаңдайды мойындап қана қоюды қанағат етпей, сол олқылықтарды қайтсе де жоюға жол іздестіріп абзал. Бұл да арнайы сөз етілетін өте жауапты, өте қиын мәселе.

Ө. Абайдың қазақ тарихына көзқарасы осы күнге шейін ешбір ауызға алынбай келді. Мысалы, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген шағын еңбегінің өзінен көмеңгер ойшылдың туған халқының арғы-бергі тарихына ерекше назар аударғаны және бұл салада көп ізденгені ап-анық көрініп тұр. Тағы ескертетін бір нәрсе: Абайдың орыс мәдениетімен жете танысқанын, әсерінің зор болғанын, одан сарқылмас нәр алғанын үнемі айтып, жазып келсек те, осыны айрықша зерттеп, тікелей көңіл бөлген ешкім жоқ. Бұл да өз алдына, жекеше қаралатын тақырып.

Алдағы негізгі міндеттердің ұзын-ырғасы, қысқасынан қайырғанда, міне осындай. Оларды жемісті түрде және сапалы дәрежеде шешу, орындау үшін Абайды тану ілімін жаңа деңгейге көтермейінше болмайды. Құрғақ сөзден, құнарсыз тілектен пайда аз. Әншейінде ақыл беретіндер табылады, бізге олардан гөрі, белсене іске кірісіп, құлшына еңбек ететін шын мәніндегі мамандардың болғаны зәру, қажет. Қысқасы, Абай шығармаларын зерттеу А. С. Пушкин, Т. Г. Шевченко, Л. Н. Толстой мұраларын меңгеру деңгейіне көтерілсе екен, немесе соларға жақындай түссе екен демекпіз.

***Ы. Т. Дүйсенбаев***





Абай шығармаларының осы екі томдық толық жинағын құрастырып ғылыми, түсініктерін жазған: З. Ахметов, Ы. Дүйсенбаев, М. Жармұқамедов, М. Мырзахметов, М. Мағанин, Қ. Сыдықов; баспаға дайындасуға көмектескен: Г. Тұрсынова мен С. Дәуітов.

# ӨЛЕҢДЕР



## ШЫҒЫС АҚЫНДАРЫНША\*

Пузи — рәушан, көзі — гәуһар  
 Мағилдек бет үші әхмәр<sup>1</sup>,  
 Тамағи қардан әм биһтар<sup>2</sup>  
 Қашың құдрәт коли шигә<sup>3</sup>.  
 Өзәң гузәлләра<sup>4</sup> раһбар<sup>5</sup>,  
 Сәңә ғишық болып кәмтар,  
 Сүләйман, Ямшид, Искандәр  
 Ала алмас барша мүлкингә.  
 Мүбада олса<sup>6</sup> ол бір кәз,  
 Тамаша қылса йузма-йуз  
 Қетіп қуат, йұмылып көз,  
 Бойың сал-сал бола нигә?

---

\* Бұл белгі бойынша түсінік сөзді қараңыздар.

<sup>1</sup> Қызыл.

<sup>2</sup> Бетер, артық.

<sup>3</sup> Кішкентай, уақ, нәзік.

<sup>4</sup> Сұлу, көркем, әдемі.

<sup>5</sup> Басшы, бастаушы.

<sup>6</sup> Бола қалса деген мағынада.

Фзули, Шәмси, Сәйхали,  
Навои, Сағди, Фирдоуси,  
Хожа Хафиз — бу һәммәси  
Мәдәт бер шағири <sup>1</sup> фәрияд <sup>2</sup>.

---

<sup>1</sup> Ақын.

<sup>2</sup> Дауыс, үн. Бұл жерде тілек, сыйыну мағынасында.

## «ӘЛИФБИ» ӨЛЕНІ\*

Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат <sup>1</sup> еттім,  
Бн — Бала ' й <sup>2</sup> дәртиңа нисбәт <sup>3</sup> еттім.  
Тн — Тілімнән шығарып түрлі әбиат, <sup>4</sup>  
Сн — Сәнаи <sup>5</sup> мәдхіңа <sup>6</sup> хұрмәт еттім.  
Жем — Жамалың <sup>7</sup> қандай ақ рузи <sup>8</sup> маған  
Ха — Халаллық таппадым, жаным, сәнан.  
Хн — Халайық мен емес, бәрі ынтизар,  
Дәл — Дариға ғишық оты бермес аман.  
Зәл — Зәлиллік <sup>9</sup> көрген соң сайрай бер, тіл,  
Ре — Риза қылмағыңды яр өзің біл.  
Зн — Зәһәрдай <sup>10</sup> күйдірді ғишқың қатты,  
Сын — Сәләмәт қалмағым болды мүшкіл.  
Шын — Шикәр ләп <sup>11</sup> есіме түскен сайын,  
Сат — Сабырым қалмады мен не әйләйін.

---

<sup>1</sup> Үлгі.

<sup>2</sup> Ұлы, жоғары.

<sup>3</sup> Шама, мөлшер.

<sup>4</sup> Өлең (бәйіт деген сөздің көпшесі).

<sup>5</sup> Мақтаулы.

<sup>6</sup> Мақтау.

<sup>7</sup> Көрік, әдемілік.

<sup>8</sup> Күн, күндей.

<sup>9</sup> Қор, қорлық.

<sup>10</sup> У.

<sup>11</sup> Тәтті ерін.

Зат — Зайығ <sup>12</sup> өмірім өтті менің бекер,  
Тай — Талаптан, әйтеуір кұр қалмайын.  
Зай — Залым көп қылыш боп, жанға оқталды,  
Гайін — Ғақлымды басымнан тартып алды.  
Ғайын — Ғариблік басыма түскеннен соң,  
Фи — файдаң тие ме деп, жаза салды.  
Қаф — Қабыл болар ма екен жазған хатым?  
Қаф — Қамил <sup>13</sup> ақылың асыл, затым,  
Ләм — Ләбіңнен ем қысаң мен дерттіге,  
Мен — Мехріңнен қалмас ед бар апатым.  
Нон — Нала қып, қайғыңмен күйдірдің көп,  
Уау — Уайлана <sup>14</sup> ғишқың уайым жеп,  
Һи — Һеш пайдаң тимесе, өлді ойлаңыз,  
Ләм — әлиф — Лә илаһа илалла <sup>15</sup> деп  
Я — Ярым, қалай болар жауап сөзін?  
Мәт <sup>16</sup> — қасың, тәштит — кірпік, секін —  
көзің.

Үтір мен асты-үстілі жазуда бар,  
Болуға асты-үстілі көнсең өзің!

---

<sup>12</sup> Зая, құр, бос.

<sup>13</sup> Толық.

<sup>14</sup> Күйінгенде айтылатын одағай сөз.

<sup>15</sup> Құдайдан басқа құдай жоқ деген сөз.

<sup>16</sup> Араб сөздерін дұрыс оқу үшін қоятын белгілер.

\* \* \*

Кім екен деп келіп ем түйе қуған \*,  
Қатын ғой күлдәрімен белін буған.  
Төркініңнің бергені жауыр айғыр,  
Бауырыңды... бірге туған.



## ШӘРІПКЕ\*

Түңлікбайдың қатыны атың Шәріп,  
Байға жарып көрмеген сен бір кәріп.  
Сен шыққан жол үстінде жалғыз түп ши,  
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып.

Мен жасымнан көп көрдім  
Мұсылманды, кәпірді  
Абралыдай көрмедім  
Намаз білмес пақырды.  
Қира әтін <sup>1</sup> оқытып  
Көріп едім, шатылды.  
Ниет қыла білмейді,  
Не қылады нәпілді <sup>2</sup>.

Намазшамның <sup>3</sup> артынан  
Құржаң-құржаң етеді;  
Жер ұшық <sup>4</sup> берген кісідей,  
Тоңқандай ма, не етеді.  
Нәпіл түгіл, намазы  
Бәрі желге кетеді.

«Еннатайына кәлкәусар» <sup>5</sup>  
Пошал дереу күнәкар,

---

<sup>1</sup> Құранды арабша айтылуынша оқу.

<sup>2</sup> Міндетті бес уақыт намазға қосымша оқылатын намаз.

<sup>3</sup> Күн батысымен оқитын намаз.

<sup>4</sup> Ауырған адамды күн батар алдында күнбатысқа қаратып, жерге жатқызып, тұрғызып ұшықтау.

<sup>5</sup> Бұзып айтылған аят сөзі.

Аяғыш ойлап айтқаны,  
«Әні — шаны құлаптар».  
Осы оқумен намаздың  
Қай жерінде сауап бар?  
Тегін ойлап байқасаң,  
Мұнда ми жоқ, құлақ бар.

## ЖАҚСЫЛЫҚҚА\*

Аяғыңды аңдып бас, ей, Жақсылық!  
Өз басында жының бар бір бақсылық.  
Борышқорлық адамға қиын нәрсе,  
Әрқайда өткізеді мал тапшылық.

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!\*  
Саяламай, сай таппай,  
Не күн туды басыңа  
Күні-түні жай таппай?  
Сен жайыңа жүргенмен  
Қыз өле ме бай таппай?  
Түн кезгенің мақұл ма,  
Жан-жағыңа жалтақтай?  
Өлермін деп жүрмісін,  
Мұнан басқа жан таппай?

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!  
Сабыр түбі — сары алтын.  
Сабыр қылсаң, жайыңды  
Білер ме екен бекзатым?  
Көңіл аулап сөз айтар  
Арадағы тілхатым,  
Ағын судай екпіндеп,  
Лайы жоқ суатым.  
Ауру да емес, сау да емес,  
Құрыды әл-қуатым.

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!  
Сана қылма бекерге.

Сан қылғанмен пайда жоқ.  
Дүние даяр өтерге,  
Ажал даяр жетерге.  
Хош, қыз алсын қойнына,  
Бейнет көрмей, дәулет жоқ,  
Әлі барып кетерге,  
Оныменен бойыңа  
Иман, дәулет бітер ме?  
Адалды сатсаң арамға,  
Құдай қабыл етер ме?  
Қыз сүйеді мені деп,  
Оған көңіл көтерме!

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!  
Сарқа берме санасың.  
Бәрін өзің білсең де,  
Әлі-ақ өзің танасың.  
Өртенесің, жанасың,  
Өз-өзіңнен бейнетке  
Өз басыңды саласың  
Қай мезгілде тойғыздың  
Аюдайын ағасың,  
Қатыны мен қалашын?!  
Қарсақ жортпас қара адыр,  
Қарамай неге шабасың?  
Сонда тәуір бола ма,  
Ұстап ап біреу сабасын?  
Қиіміңді тонасың,  
Елге де күлкі боласың.

Сап, сап, көңлім, сап, көңлім!  
Сағынышқа сарғайма!  
Жәй жүрсең де қыз қумай,  
Сені біреу қарғай ма?

Қыз іздесең, қалың бер,  
Мұным ақыл болмай ма?  
Көріп алсаң көріктіні,  
Таңдап алсаң тектіні,  
Сонда да көңіл толмай ма?

\* \* \*

Қансонарда бүркітші шығады аңға, \*  
 Тастан түлкі табылар аңдығанға.  
 Жақсы ат пен тату жолдас — бір ганибет  
 Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.  
 Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,  
 Сағадан сымпың қағып із шалғанда.  
 Бүркітші тау басында, қағушы ойда,  
 Іздің бетін түзетіп аңдағанда.  
 Томағасын тартқанда бір қырымнан,  
 Қыран құс көзі көріп самғағанда.  
 Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,  
 Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға,  
 Көре тұра қалады қашқан түлкі,  
 Құтылмасын білген соң құр қашқанға.  
 Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,  
 О да талас қылады шыбын жанға.  
 Қызық көрер, көңілді болса аңшылар,  
 Шабар жерін қарамас жығылғанға.  
 Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі,  
 О да — осал жау емес қыран паңға.  
 Сегіз найза қолында, көз аудармай,  
 Батыр да аял қылмайды ертең таңға.  
 Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,  
 Көктен қыран сорғалап құйылғанда.



Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,  
Жеке батыр шыққандай қан майданға.  
Біреуі — көк, біреуі — жер тағысы,  
Адам үшін батысып қызыл қанға.  
Қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл,  
Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға.  
Қара шашын көтеріп екі шынтақ  
О да бүлк-бүлк етпей ме сипанғанда,  
Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,  
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.  
Күйеуі ер, қалындығы сұлу болып,  
Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға.  
Арт жағынан жаурыны бүлкілдейді,  
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.  
Құсы да, иесі де қоразданар,  
Алпыс екі айдалы түлкі алғанда.  
«Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап,  
Жасы үлкені жанына байланғанда,  
Сілке киіп тымақты, насыбайды  
Бір атасың көңілің жайланғанда.  
Таудан жиде тергендей ала берсе,  
Бір жасайсың, құмарың әр қанғанда.  
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,  
Аң болады кеңесің құс салғанда.  
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген  
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.  
Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға  
Бәрі де анық тұрмай ма ойлағанда?  
Ұқпасың үстірт қарап бұлғақтасаң,  
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.  
Көлеңкесі түседі көкейіңе,  
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.  
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,  
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,\*  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
Жіңішке қара қасы сызып қойған,  
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.  
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,  
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды.  
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,  
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.  
Сөйлесе, сөзі әдепті хәм мағыналы  
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.  
Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,  
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.  
Тақтайдай жаурыны бар, иығы тік,  
Екі алма кеудесінде қисаймайды.  
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,  
Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.  
Етіндей жас баланың білегі бар,  
Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы  
Қолаң қара шашы бар жібек талды,  
Торғындай толқын ұрып, көз таңдайды.

Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?\*

Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.  
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,  
Алмасы өкпе болар қол батпаған.  
Бұлардың кейбірінің мінездері:  
Ешнәрсе көрмегенсіп бұртақтаған  
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,  
Орынсыз адамдармен жыртақтаған.  
Әуелден сұлу жайы бізге мәлім:  
Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған  
Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай  
Бойына майдалықпен сыр сақтаған.  
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,  
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған.  
Орынды іске жүріп, ой таппаған,  
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.  
Қасиетті болмайды ондай жігіт  
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.

Жасымда ғылым бар деп ескермедім \*,  
Пайдасын көре тұра тексермедім.  
Ержеткен соң түспеді уысыма,  
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.  
Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы,  
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?  
Адамның бір қызығы бала деген,  
Баланы оқытуды жек көрмедім.  
Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім  
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,  
Қазаққа қара сөзге дес бермедім.  
Еңбегінді білерлік еш адам жоқ,  
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

\* \* \*

Қартайдык, қайғы ойладык, ұйқы сергек \*,  
Ашуың — ашыған у, ойың — кермек.  
Мұңдасарға кісі жоқ, сөзді ұғарлық,  
Кім көңілді көтеріп болады ермек?

Жас қартаймак, жоқ тумак, туған өлмек,  
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмак,  
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Ер ісі ақылға ермек, бойды жеңбек,  
Өнерсіздің қылығы өле көрмек.  
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,  
Еріншек ездiгiнен көпке көнбек.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,  
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.  
Арамдыктан жамандық көрмей қалмас,  
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Адамзат тірілікті дәулет білмек,  
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.  
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,  
Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек?

Наданға арам ақылды құлаққа ілмек,  
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.  
Рас сөздің кім білер қасиетін?  
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.  
Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек <sup>1</sup>  
Қызықты ертегіге көтерілмек.  
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің  
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,  
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.  
Таразы да, қазы да өз бойында,  
Наданның сүйенгені көп пен дүрмек.

Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,  
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек.  
Бір-екі жолы болған кісі көрсе,  
Құдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,  
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.  
Өзімнің иттігімнен болды демей,  
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,  
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.  
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,  
Өзімен өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек?  
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?!  
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,  
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

<sup>1</sup> Сәндік үшін шаршының сыртынан салынатын жаулық.

Қартайдык, қайғы ойладык, ұлғайды арман \*,  
Шошымн кейінгі жас балалардан.  
Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,  
Теп-тегіс, жұрттың бәрі болды аларман.

Бай алады кезінде көп берем деп,  
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.  
Бн мен болыс алады күшін сатып,  
Мен қазақтан кегіңді әперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,  
Елубасы <sup>1</sup> шар салып <sup>2</sup>, леп берем деп.  
Жалаңқая жат мінез жау алады,  
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесең, бұлт берем деп,  
Жауыңа қосылуға сырт берем деп,  
Бұзылған соң мен оңай табылмаспың,  
Не қылып оңайлықпен ырк берем деп.

---

<sup>1</sup> Елу үйдің атынан сайланып, болысты сайлауға қатынасатын адам.

<sup>2</sup> Шар салу — болысты сайлау жолы. Елу үйдің атынан сайланған елу басылары кішкене тасты (шарды) екі бөлмелі жәшікке салу арқылы болысты сайлауға дауыстарын беретін болған. Оны жұрт сол кезде «шар салу» деп атаған.

Сұм-сұркия — сұмдықпен еп берем деп,  
Сүйер жаңсып, сүйкімді бет берем деп.  
Жүз қараға скі жүз аларман бар,  
Бес қатар бас-аяғын тексерем деп.

Ел жиып, мал сойыңыз ет берем деп,  
Мал берсем сен мендік бол деп берем деп.  
Қара қарға сықылды шуласар жұрт,  
Кім көп берсе, мен соған серт берем деп.

Бұзыларда ойламас бет көрем деп,  
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.  
Қабаған итше өшігіп шыға келер,  
Мен қапсам, бір жерінді бөксерем деп.

Орыс айтты өзіне ерік берем деп,  
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.  
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,  
Ұлық жүр бұл ісінді кек көрем деп.

Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,  
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.  
Бар ма сен жай жүрген жан қанағатпен,  
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?

Атаны бала андиды, ағаны іні,  
Ит қорлық немене екен сүйткен күні?  
Арын сатқан мал үшін антұрғанның  
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

Алыс, жақын қазақтың бәрі қаңғып,  
Аямай бірін-бірі жүр ғой андып.  
Мал мен бақтың кеселін ұя бұзар,  
Паруардигәр <sup>1</sup> жаратқан иесін жан қып!

---

<sup>1</sup> Құдай, тәңірі.



Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,  
Арын сатып тіленген малы құрсын.  
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,  
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.  
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,  
Өз үйінде шертiген паңы құрсын.

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап?\*

Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап,  
Қыран шықса қияға жібереді  
Олар да екі құсын екі жақтап.  
Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,  
Күйкентайы үстінде шықылықтап.  
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды.  
Күні бойы шабады бос салақтап.  
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,  
Қуанар пелері сонда ыржақтап.  
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,  
Түні бойы күнілдер құсын мақтап.  
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,  
Қайран ел осынымен жүр далақтап.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,\*  
 Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
 Жақсы менен жаманды айырмадың,  
 Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.  
 Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
 Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
 Аузымен орақ орған өңкей қыртың:  
 Өзімдікі дей алмай өз малыңды  
 Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың.  
 Көрсө қызар келеді байлауы жоқ,  
 Бір күн тыртың етеді, бір күн —

бұртың.

Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
 Мінеки бұзған жоқ па елдің сыйқың?  
 Өздеріңді түзелер дей алмаймын,  
 Өз қолыңнан кетпесе, сінді өз ырқың.  
 Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,  
 Оның да алған жоқ па құдай құлқың?  
 Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
 Сапырылды байлығың, баққан жылқың  
 Баста ми, қолда малға талас қылған  
 Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың.  
 Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,

Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?  
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?  
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,  
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың,  
Ұғындырар кісіге кез келгенде  
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

Байлар жүр жиған малын қорғалатып\*,  
Өз жүзін онып беріп алар сатып.  
Онын алып, тоқсаннан дәме кылып,  
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?  
Барып келсе Ертістің суып татып,  
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,  
Елді алып, Еділді алып есіреді,  
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып,  
Әрі-бері айналса аты арықтап,  
Шығынға белшесінен әбден батып.  
Сұм-сұрқия, қу, білгіш атанбаққа  
Құдай құмар қылыпты қалжыратып.  
Қорғаласа, қорықты деп қоймаған соң,  
Шаптырады қалаға бай да андатып  
Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,  
Колға түсер сілесі әбден қатып.  
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,  
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да\*,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда?  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,  
Ол тұрмас бастан жыға <sup>1</sup> қисайғанда.  
Мұнап менің қай жерім аяулы деп,  
Бірге тұрып қалады кім майданда?!

Ендігі жұрттың сөзі — ұрлық-қарлық,  
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.  
Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ,  
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,  
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.  
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,  
Ізәменен ыржынып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,  
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.

---

<sup>1</sup> Дулығаның артынан қаптап қоятын зат

Ел аулақта күш айтқан, топта танған,  
Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,  
Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.  
Ала жылан, аш бақа күпілдектер  
Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр.

Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр,  
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр.  
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,  
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,  
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.  
Құда-тамыр, дос-жарың, қатын-балаң —  
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,  
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.  
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,  
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,  
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр,  
Қыс қыстауың — қып-қызыл ол бір пәле,  
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,  
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.  
Сәлем борыш, сөз қулық болғаннан соң,  
Қандай жан сырттан сөз боп сыналмай жүр?

Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ\*,  
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.  
Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,  
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Бір аршопке<sup>1</sup> шапаны сондай шап-шақ,  
Мүшесінен буынып, басады алшақ.  
Қарсы алдына жымырып келтірем деп,  
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.

Жазды күні ақ бөркі бүктелмейді-ақ,  
Қолында бір сабау бар о дағы аппақ.  
Қерегеге сабауды шаншып қойып,  
Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.

Қу шалбар қулығына болған айғақ,  
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ.  
Ұстаудағы кісідей мезгілі бар,  
Күні бойы шешініп, бір т...-ақ.

Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ,  
Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ.  
Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,  
Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.

Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ.  
Бәрі де шаруаға келеді олақ.

---

<sup>1</sup> Өлшем мағынасында.



Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,  
Бар өнері — қу борбай, сымпыс шолақ.  
Олардың жоқ ойында малын бақпақ,  
Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.  
Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,  
Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ.

Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық\*.  
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.  
Жастықта көкірек зор уайым жоқ,  
Дейміз бе еш нәрседен қорғаналық.

Бар ойы — өлең айтып, ән салалық,  
Біреуді қалжың қылып қолға алалық.  
Қызды ауылға қырындап үйір болса —  
Көңліне зор қуаныш, бір бадалық<sup>1</sup>.

Демендер өнбес іске жұбаналық,  
Ақыл тапсақ, мал тапсақ қуаналық.  
Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,  
Көрсен қызар, күнде асық — дуаналық.

Жастықта бір күлгенің бір қаралық,  
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.  
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,  
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жүр баралық,  
Бірімізді біріміз аударалық.  
Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,  
Қүлкіні онша күйлеп, шуламалық.

---

<sup>1</sup> Мақтаншылық.

Уайым — ер қорғаны, есі барлық,  
Қиыны бұл дүниенің — қолы тарлық.  
«Еһе-еһе»-ге елірме, бозбалалар,  
Бұл — бес күндік бір майдан ер сынарлық.

Салынба, қылсаң-дағы сан құмарлық,  
Алдыңда уайым көп шошынарлық.  
Жарлылық, жалынышты, жалтаң көздік,  
Сүйкімі-икеімі жоқ шалдуарлық.

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,  
Оған да мезгіл болар тоқталарлық.  
Ұрлық қылар, тентіреп тамақ асырар,  
Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,  
Ағайын табылмаса ой саларлық.  
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен  
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде боз бала жоқ сөзді ұғарлық,  
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.  
Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп  
Жүрмесін деп, аз ғана сөз шығардық.

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат \*,  
Екі түрлі пәрсе ғой сыр мен сымбат.  
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік  
Ер табылса, жарайды қылса сұхбат <sup>1</sup>.

Кейбіреу тындар үйден шыққанынша,  
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.  
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,  
Абайлар әрбір сөзді өз халінша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,  
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.  
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар  
Оңғақ бұлдай былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға — талаптылық,  
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.  
Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп,  
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,  
Жетпесе біріңдікін бірің жеткіз!

---

<sup>1</sup> Оңаша әңгіме, оңаша отырыс.

Күншіліксіз тату бол шын көңілмен  
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,  
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып,  
Бірінді бірің ғиззат<sup>2</sup> құрмет етіс,  
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық — бір үлкен іс,  
Оның қадірін жетесіз адам білмес.  
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,  
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,  
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.  
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін  
Төбетке өлекшіннің<sup>3</sup> бәрі бір бас.

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,  
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!  
Әйел жақсы болмайды көркіменен,  
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Көргенін анасына келіп айтты.  
Химия ғылымы бар дейтін, сүйтсе-дағы  
Анасы басын шайқап, ішін тартты.

— Апар да мыс бақырды алдына сал,  
Алтын болса, болады бір талай мал.  
Жалғызым, не қылсаң да сақ болып  
жүр,  
Жәдігөй боп жүрмесін антұрған шал.

Бала айтты:— Тәңрім қақса, бенде не  
етер,  
Жалған болса, білінер, қор боп кетер.  
Шын болып, уәдеге бармай қалсақ,  
Ғапылдықтан айрылған ызасы өтер.

Не қылса, сол күн бала шала  
ұйқтады,  
Өтірік, расын ойланып таба алмады.  
Мыс бақырын қолына алды-дағы,  
Лапкеге күндегіден ерте барды.

Шал-дағы дереу дайын бола қалды,  
Бір дорбадан көмір мен көрік алды.  
Екеуі сәлемдесіп болғаннан соң,  
— Мысың қайда, балам?— деп дігір  
салды.

Мыс бақырды сындырды талқан қылып,  
Көмірге салды мысты, дүкен құрып.  
Мыс былқылдап еріген кезінде шал  
Шөншіктен <sup>1</sup> ұсақ қара алды қырып.

Алды да ол дәрісін, мысқа салды,  
Былқылдаған бұрқылдап мыс  
шайқалды.

Бір нәрсемен азырақ бұлғалақтап,  
Алтын қып суынған соң қолына алды.

Алтынын алып берді қолындағы:  
— Сарапқа сал бар-дағы шаһарындағы  
Алтын емес деп біреу айтса, балам,  
Алдамшы амалым жоқ болдым-дағы.

Алтынды ал да, көрсет жұртқа  
апарып,  
Менің сөзім шын болса тәңрі оңғарып,  
Сонау бақша ішінен табылармын,  
Егер мені іздесең көңліңе алып.

Әзім ұшты алтынды ала салып,  
Не байларға көрсетті мұны апарып.  
— Самородный сары алтын екен ғой,—  
деп,

Кім көрсе, айтады аң-таң қалып.

Үш мың үш жүз ділдаға кетті сатып,  
Шешесіне ап келді таңырқатып.  
Шешесі: — Сол кісіні шақыр!— деді,  
Кетсін,— деп, үйімізден дәм-түз татып.

<sup>1</sup> Дорба.



Көз байлана сып етіп шал да келді,  
Әзім де есік ашты, дайын еді.  
Әзімді баласына балағандай,  
Жайнандап жарқын жүзбен үйге кірді.

Шал кіріп үйді тегіс аралады,  
Бір Әзімнен басқа жан таба алмады.  
Біротала бейілді беріп алған,  
Әзім де бұл қылықты шам алмады.

Хош уақытсып сөйлейді шал барқылдап,  
Қол қусырып Әзім тұр, сөзін тыңдап.  
Асын жеп, қолын жуып болғаннан соң,  
Әпкел деп ішкілікті қойды ымдап.

Бар іс қой әуелден-ақ ел салтында,  
Орыс, неміс болса да, қай халқың да.  
Пайда деп тән саулыққа ішетұғын,  
Миуадан тартқан хамір<sup>4</sup> ас артында.

Подносқа бөтелкемен арақ толды,  
Бір-екі жақсы рюмке дайын болды.  
Жоқтан барды сөйлесіп, сауқым салып,  
Алысты пияланы оңды-солды.

Жайма-шуақ сұм шалдың іші мықты,  
Алғашқы ішкен Әзімге тез-ақ шықты.  
Бір аяқ қолдан қолға дегенсініп,  
Жәдігөй стаканға дәру тықты.

Ошысы түн ортасы болған заман,  
Сұм екен талай жанды әуре қылған.

---

<sup>4</sup> Шарап.

Дәрі қосқан аяқты ішкеннен соң,  
Әзім барып жығылды шалқасынан.

Сонда шал терезеден бір ысқырды,  
Төрт жігіт табыт алған үйге кірді.  
Әзімді сол табытқа салды-дағы,  
Төртеуі көтеріп ап тысқа жүрді.

Әзімді мас қып алып, шал кенелді,  
Есікті жабамын деп аз бөгелді.  
Артын жым-жырт қылды да, антұрған  
шал  
Төртеуін ертіп алып, тез жөнелді.

Теңіздің жағасында қалың қамыс,  
Ішінде бір кеме бар шалға таныс.  
Әзімді сол кемеге салды-дағы,  
Тұмсығын бұрып алды шетке шалыс.  
Қасында жиырма-отыз жолдасы бар,  
Қаладан таң атқанша кетіп алыс.

Ел тұрды, ертең кемпір үйге кірді,  
Бала жазым болғанын іші білді.  
Зар ұрды, ойбай салды, не бітірсін,  
Тұра тұр, өзге жайын сұрама енді.

Әзім есін жиыпты ертең түсте,  
Өз басын көрді хауіп-қатер істе.  
Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,  
Темір шетік қапас боп тұрды үсте.

Ырғалып орнынан ол әрең тұрды,  
Түрегеліп антұрған шалды көрді.

— Ақсақал адам мұндай қыла ма екен,  
Анамнан мені айырып бұл нең?— деді.

— Көзіңді аш, есіңді жи, енді ойнама,  
Мені сен өз діндесің деп ойлама!  
Мен отқа шоқынамын, дініме көн,  
Менде бардың бәрінен хауіп ойлама!

Егерде көнбей қалсаң наданшылық,  
Әр күні сізге дайын бір жүз шыбық.  
Мың жаның болса-дағы құтылмайсың,  
Табылмас енді менен майда қылық.

Бала айтты: — Дінім үшін жаным  
кұрбан,  
Жаннан қорқып, отыңа мен бас ұрман.  
Дінім хақ, ісім ақпын, өлсем шәйт<sup>5</sup>,  
Қорқады деп үмітті үз сен антұрған.

Баланың бар киімін шешіп алды,  
Жүз қамшы арқасына дүре салды.  
Қыңқ етіп бір дыбысты шығармады,  
Азырақ талмаусырап, нашарланды.

Мұнысын жаратпады қадір сұбхан<sup>6</sup>,  
Көк бұзылып, жер жүзі болды топан.  
Байлаулы бала жайға қала берді,  
Кемемен әуре болды көп антұрған.

Түн бойы ұйықтамады бір де мызғып,  
Су сарылдап құйылды кемеңі ырғап.

---

<sup>5</sup> Дін жолында өлген адам.

<sup>6</sup> Бұл жерде күшті құдайым деген мағынада.

Отыз құлы таусылды табанынан,  
Су төгіп таң атқанша ол сарпылдап.

Отыз құл ақылдасты басты қосып,  
Өлеміз деп ойлады жаннан шошып.  
Бір шеттен бір жағаға келе жатқан  
Кәрі иттің ұстай алды алдын тосып.

— Ақсақал, іс қыласыз ойланбастан,  
Жаннан қорқып қашпаушы ек қара  
тастан.  
Құдай сүймей бұл істі бізге салды,  
Қолын шеш, ризалық ал, мына жастан.

Қолын шеш, ризалық ал, кісенді бұз,  
Шапшаң айт, көнесің бе, уақыт тығыз.  
Бұл сөзге көнбей қалсаң, ақыр өлдік,  
Сені суға тастаймыз отызымыз!

Сонда шал мына сөзге аң-таң қалды,  
Не қыларын біле алмай аз ойланды.  
Пішінін отызының байқаған соң,  
Баланың қол-аяғын шешіп алды.

Мойнынан шырағым деп құшақтайды,  
Көзінің ағып жасы, бұршақтайды.  
— Шырағым, мастықпенен қылыппын,—  
деп,  
Әуелгі сөзден танып және алдайды.

Әзім жас, ақ бейілдеу адам еді,  
Ойлады: өтірік болса неге именді.

Мастықпен қылса қылған шығар-ау деп,  
Іс көрмеген жастықпен және сенді.

— Мастықпен қылған болсаң, кештім  
саған

Кәрі ит те:— шырағым,— деп  
арсаңдаған.

Жел тынып, күн айығып баяғыдай,  
Хикметімен тоқтатты бір жасаған.

Баланы сыйлап жатыр тамақ қамдап,  
Су төккісіз жорға боп шал жылмаңдап.  
Отыз құл мынау тек жан емес қой деп,  
Әлінше қызметінде жүр тырбандап.

Бір мезгілде шал айтты:— Балам тоқта,  
Мысты алтын қылатын дәрі осы жақта.  
Алыс емес, аз күндік жақын жерде,  
Болмай ма молықтырып ап қайтсақ та?

Бала айтты: —Өзің біл!— деп бұл  
сөзіне,

Шал қуанды тиген соң ерік өзіне.  
Төбесінен тік тұрып қылды қызмет,  
Титтей шәрғез келмейді мінезіне.

Сып етіп бір жағаға келді жетіп,  
Шал жөнелді, баланы қасына ертіп.  
Бір барабан тұр екен, қағып еді,  
Қамады желмаялар дүбірлетіп.

Үш желмая ұстады жорығына,  
Бірінің азық артты қомдығына. ....



Екеуіне ер ерттеп мініп алып,  
Барабанды қалдырды орынына.

Желмаялар келеді желдей есіп,  
Сұм шалдың бір тарапты көзі тесіп.  
Шал айтады балаға: — Қөрдің бе? —  
деп —  
Бұлт тұр бұлдыраған елендесіп?

Ол өзі — бұлт емес, Қаптың тауы,  
Бір бөлек үлкен таудың бергі бауры.  
Бергі таудың басында сол дәрі бар,  
Қырандай ап қайтармыз жібек баулы.

Түні бойы жүріпті, болды сәске,  
Көрінді жарқыраған үйдей нәсте.  
— Бұл не? — деп сұрап еді, тұра қашты,  
Биттей аял қылмады кәпір әсте.

— Бұл не?— деп тағы да айтты Әзім  
сорлы,  
Қашқаның не қылғаның мұнша ғұрлы?  
— Шырағым, мұның өзі қатерлі жер,  
Бір қаскөй жәдігөй дәудің орны.

Соны айтты да, шал сабап жүре берді,  
Бір өзен жатыр екен, соны өрледі.  
Өзенді өрлегеннен бір айрылмай,  
Дәл бесінде ұшыртып тауға келді.

Келді де бір жартасқа түсе қалды,  
Азық артқан маяны жарып салды.



Маяның кетіп қалды ішін тігіп,  
Шалекең жасырынды талға кіріп.  
Аспаннан самұрық келіп, іліп алып,  
Қайқайып қайта шықты бір-ақ ырғып.

Маяны самұрық қонды тасқа апарып,  
Ер Әзім шыға келді ішін жарып.  
Адамзатты көрген соң бұдан шошып,  
Отырды самұрық құс аулақ барып.

Жалтандап Әзім шықты тау басына,  
Тапты топырақ, толтырды дорбасына.  
Қап толған соң, арқанға мықтап байлап,  
Тау басынан жіберді атасына.

Жіберді әлгі қапты жерге атып,  
Антұрған шал дәулетке қалды батып.  
Қап жерге түскеннен соң, дінсіз кәпір  
Арқанды алып кетті жұла тартып.

Айрылып арқанынан Әзім қалды,  
— Арқанды неге алдың!— деп, айғай  
салды.  
— Талайды осы тауға тастағанмын,  
Соның бірі болдың — деп, кете барды.

Сұм шалдың дінсіздігін сонда білді,  
Қарамай, бір қайрылмай, жүре берді.  
Кәпірдің қайрылмасын білгеннен соң,  
Жүгіріп жалтыр тастан жол іздеді.

Көрді, білді ол таста жолдың жоғын,  
Сонан соң қамдап бақты қарны тоғын.  
Азырақ жеміс тауып жеді-дағы,  
Көрмекке жата кетті хақ бұйрығын.

Күн де батты, бір жерге Әзім жатты,  
Күн батқан соң жан-жағы салдыр  
қақты.

Қараса қаптап жүрген бәрі айдаһар,  
Сонда да біраз жатып ұйқтап қапты.

Ұйқтап кетіп, шошынып тез оянды,  
Жұтқалы көрді келген айдаһарды.  
Не де болса тәуекел қылды-дағы,  
Қанжармен қақ басынан шауып қалды.

Өзі де бір тарапқа ыршып кетті,  
Бір биік ағаш көрген, соған жетті.  
Биік жерде болайын деді-дағы,  
Сол түні ағаш басын мекен етті.

Әрбері жатты-дағы, ұйқтап қалды,  
Шаршаған ғой, күн шыға зорға оянды.  
Қараса басқа айдаһар жоғалыпты,  
Өзі шапқан таныды айдаһарды.

Ойлады тірі болса кетпес пе еді?  
Өлген ғой мына айдаһар деп ойлады.  
Ағаштан түсе қалып айдаһарға,  
Қолына қанжар алып жетіп барды.

Көрді, білді айдаһар тірі емесін,  
Тәңрі ұзын жаратқан сом денесін.  
Қанжармен таспадай қып тіліп алып,  
Аз уқалап кептірді жон терісін.

Жалғап-жалғап, бір ұзын арқан етті,  
Ер Әзім осылайша талап етті.  
Бір ұшын тасқа байлап жібергенде,  
Түсетұғын орнына әбден жетті.

Ер Әзім тәуекел қып жаннан күсіп,  
Арқаннан ұстады да, кетті түсіп.  
Қарақат жеп, мойыл жеп, судан ішіп,  
Өзенді қулады да, жүгірді ұшып.

Үш қонып, төртінші күн белден асты,  
Ол күні алтынды үйге душарласты.  
Тау басынан түсірген тәуекелмен  
Сол үйге кірмек болып қадам басты.

Қақпадан кірді ішкері қадам басып,  
Бір үйінен өрледі бір үйге асып.  
Тілдесерге еш адам жолықпады,  
Төрдегі үйге кірді есік ашып.

Екі сұлу қыз отыр төрдегі үйде,  
Ондай сұлу көрген жоқ бүтін елде.  
Екі қыз шатраш ойнап, білмей қалды.  
Кірді де, тұра қалды орта жерде.

Екі қыз мұны көрді бас көтеріп,  
Адамзатқа таңырқап, тұрды елеріп.  
— Ей, жігіт, түсің жақсы жан екенсің,  
Жүр едің жәдігөйге не қып еріп?

Сөйледі Әзім-дағы аянбай-ақ:  
— Мен ғаріп бишарамын жүрген саяқ.  
Әуелде өзі көрген бар қысаны  
Сөйледі бірін қоймай бастан аяқ.

Екі қыз естіп білді Әзім жайын,  
Есіркеп, мүсіркейді айтқан сайын:  
— Сен бізге бауыр болып, тұр осында.  
Не керектің қылалық бәрін дайын.

— Құп болсын, олай болса апаларым!  
Дүниенің тартып жүрмін жапаларын.  
Сағынсам, өз еліме жеткізе ме,  
Айтсаңыз, мархаматты аталарың?

— Көңілді бос суытпа біздей қыздан,  
Сізге уәде біздерге тәңрі айтқызған.  
Шыдағанша шыдап бақ қасымызда,  
Қайтпағың келер біздің қолымыздан.

Сені біз жар етпейміз, бауыр еттік,  
Достықпен жүрек еріп тәуір еттік:  
Түбінде сен тұра алмас болсаң мұнда,  
Еліңе жеткізуге біз де жеттік.

Құп болады десті де, серт байласты,  
Қатты-қатты айтысып уәделесті.  
Көңілінде қара жоқ, ақ ниетпен  
Тым жақын дос болуға ыңғайласты.

Күн жаңғырып, бойына қуат енген,  
Алтынды үйдің ішінде еркеленген.  
— Жан-жағын қалай сайран қылсаң  
еркін,  
Жалғыз-ақ бір есікке кірме,— деген.

Екі қыз кетіп бір күн, қалды Әзім,  
Салған жоқ қыздар оның көңліне ажым.  
Тал түсте бағанағы кірме деген  
Есікке кіріп кетті — бар ма лажың?

Кірсе, аржағы дөңгелек калың ағаш,  
Ішінде бір қауыз бар ернеуі тас.

Бұлбұл сайрап, мнуасы салбырап тұр,  
Салтанатын түгендеп айтып болмас.

Тас ернеуі —меруерт, ол көрінген,  
Қеткісі келмес жанның мұны көрген.  
Ер Әзім тамашалап қарап тұрса,  
Бір түрлі таңғажайып құстар келген.

(Аяғы бітпей қалған)

# TYCIHKTEP





АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН  
ПОЭМАЛАРЫНА ТҮСІНІК

27-бет. *Шығыс ақындарынша* [*Йузи — рәушан, көзі — әәуһар*]. 1933, 1957 жылғы жинақтар бойынша берілді.

28-бет. *«Фзули, Шәмси, Сәйхали»*. Бұл өлең де 1933, 1957 жылғы жинақтар тексі бойынша алынды.

29-бет. *«Әлифби» өлеңі*. Өлең алғаш 1933 жылғы жинаққа енген, сол нұсқасы соңғы жинақтарда түгел басылып келеді.

31-бет. *«Кім екен деп келіп ем түйе қуған»*. Ел аузынан алынып, 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарияланған. Абайдың негізгі жинақтарына енгізіліп жүр. Сол нұсқасы бойынша берілді.

32-бет. *Щәріпке* [*«Түңлікбайдың қатыны атың Щәріп»*]. Алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған. Абай мұны Түңлікбай деген құрдасын қалжың етіп айтқан екен.

33-бет. *Абралыға* [*«Мен жасымнан көп көрдім»*]. Бұл өлең 1933, 1957 жылғы жинақтар бойынша берілді.

35-бет. *Жақсылыққа* [*«Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық»*]. Бұл экспромт бірінші рет 1933 жылғы жинаққа кіргізілген, содан бері жарияланып келеді.

36-бет. *«Сап, сап, көңлім, сап көңлім»*. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді.

Бұл өлеңді Абай жас кезінде Сүгір қызына айтыпты деген және Сүйіндік қызы Тоғжанға арнап шығарыпты деген екі түрлі пікір айтылып келді. Ал, дұрысында бұл өлең Тоғжанға арналған тәрізді. Мұны дәлелдейтін, өлеңнен түсіп қалып, бөлек айтылып жүрген екі жол бар:

Қыз ағасы Әлібек,  
Ұстап ап дүре салмай ма?

Бұл екі жол өлеңнің қай жерінде келетіні белгісіз болғандықтан текске кіргізілмей келеді.

39-бет. «Қансонарда бүркітші шығады аңға». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды және Абайдың көзі тірісінде жарияланған «Князь блан Зағифа» (Уфа, 1897) қиссасындағы «Бүркітші» деген атпен басылған өлеңі де қарастырылды.

Өлеңнің екінші жолы 1909 жылғы басылым бойынша:

Тастан түлкі *табылар* андығанға—,

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Тастан түлкі *жолығар* андығанға—,

ал 1897 жылғы басылуында:

*Табылар* тастан түлкі андығанға—,  
деп жазылған.

Тоғғызыншы жолы 1909 жылғы басылымға сүйеніп:

Томағасын *тартқанда* бір қырымнан,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Томағасын *тартқан соң* бір қырымнан,—

ал 1897 жылғы басылуында:

*Тартқанда* томағасын қыран бүркіт,—

делінген.

Он үшінші жолы 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

*Кере* тұра қалады қашқан түлкі,—  
деп берілді. Бұл жол бұрынғы кейбір басылымдарында:

*Көре* тұра қалады қашқан түлкі,—  
делінсе, 1897 жылғы басылуында:

*Көріп* тұра қалады *сонда* түлкі,—  
деп берілген.

Он жетінші, он сегізінші жолдары 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Қызық көрер көңілді болса аңшылар,*  
*Шабар жерін* қарамас жығылғанға,—  
деп берілді. Бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Қызық көрер көңілді аңшылардың,*  
*Шабар жері,* қарамас жығылғанға,—  
делінсе, 1897 жылғы басылуында:

*Қызық көрем жалғаннан деп ойласаң,*  
*Бозбала* қарамай сал жығылғанға,—  
делінген екен.

Жиырма бірінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Сегіз найза қолында көз *аудармай*,—  
деп басылды. Бұл жол 1933 жылғы басылымында:

Сегіз найза қолында көз *төңкермей*,—  
деп алынған.

Отыз төртінші жолы 1909 жылғы басылымына қарап:

Қара шаш қызыл жүзді *жасырғанда*,—

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Қара шаш қызыл жүзді *жасырғанға*,—

делінген.

Отыз бесінші, отыз алтыншы жолдары 1909 жылғы басылуы бойынша:

Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу *болып*  
*Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға*,—

деп берілді. Бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында:

Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу *келіп*,  
*Бейне ұқсар тар төсекте жолғасқанға*,—

деп жазылған.

Отыз тоғызыншы жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Құсы да, несі де қоразданар,—

деп басылған.

Қырық екінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Жасы *үлкені* жанына байлағанда,—

деп қабылданды. Бұл жол 1909 жылғы басылымында:

Жасы *үлкендер* жанына байланғанда,—

делінген.

41-бет. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің соңғы жолы 1933 жылғы жинақ бойынша :

Торғындай *толқын ұрып* көз таңдайды,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында:

делінген.

42-бет. «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?» 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша беріліп отыр. Өлең тексі бұрынғы жинақтарда «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің жалғасы ретінде беріліп келеді. Бұл жинақта мағынасына қарай дербес алынды.

43-бет. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

44-бет. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек». Өлең 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Екінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жинақтың негізінде:

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,—

деп басылып келген. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Әзелде жас қартаймақ, туған өлмек,—

деп берілді.

Осы екінші шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек,—

деп қабылданды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Тағдыр жоқ өткен адам қайта келмек,—

деп басылған.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Арамдықтан жамандық *көрмей* қалмас,—  
деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Арамдықтан жамандық *таппай* қалмас,—  
делінген.  
Бесінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Екеуінің бірі жоқ ауыл *кезіп*,—  
деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Екеуінің бірі жоқ ауыл *кезбек*,—  
деп басылған.

46-бет. «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинаққа негізделіп:

*Жалаңқая жат* мінез жау алады,—  
деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жалаң қаққан жат* мінез жау алады,—  
деп жазылған.

Бесінші шумақтың:

Сұм-сұрқия, сұмдықпен *еп берем* деп,  
Сүйер жансып, сүйкімді *бет берем* деп,—

деген алғашқы екі жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп басылып отыр. Бұл екі жол 1909 жылғы жинаққа кірмей қалған.

Алтыншы шумақтың 1, 2, 4-жолдары 1909 жылғы басылымы бойынша алынды. Осы алтыншы шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Қара қарға сықылды *шуласар* жұрт,—  
деп жіберілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Қара қарға сықылды *шуласып* жұрт,—  
деп басылыпты.

Жетінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы басылуымен:

Ант *шуді* кім ойлар дерт көрем деп,—  
деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Ант *бұзуды* кім ойлар дерт көрем деп,—  
делінген.

Тоғызыншы шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Бар ма екен жай жүрген *жан* қанағатпен,—  
деп берілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Бар ма екен жай жүрген *жұрт* қанағатпен,—  
деп көрсетілген.

Оныншы шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы басынасы мен Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларына негізделіп:

Атаны бала *аңдиды*, ағаны іні,—  
деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында:

Атаны бала *аңдыған*, ағаны іні,—  
делінген.

Осы оныншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Ит қорлық немене екен *сүйткен* күні,—



деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Ит қорлық немене екен *көрген* күні,—

деп жазылған.

Осы оныншы шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

*Арын* сатқан мал үшін, антұрғанның,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

*Жанын* сатқан мал үшін антұрғанның,—  
деп басылған.

Он бірінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Мал мен бақтың *кеселін* ұя бұзар,—

деп басылып отыр. Бұл жол бұрынғы басылуында:

Мал мен бақтың *кеселі* ұя бұзар,—

деп басылып келген.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Ант *ішін* күнде берген жаны құрсын,—

деп алынды, ал 1909 жылғы басылымында бұл жол:

Ант *ішкен* күнде берген жаны құрсын,—

делінген.

Осы шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Өз үйінде *шертиген* паңы құрсын,—

деп беріліп отыр, ал бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Өз үйінде *шіренген* паңы құрсын,—

деп жазылған.

49-бет. «*Қыран бұркіт не алмайды, салса баптап*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Өлеңнің:

Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,  
Күні бойы шабады бос салақтап,—

деген 7—8 жолдары 1909 жылғы жинаққа кірмей қалған. Мүрсейіт қолжазбалары бойынша 1933 жылғы жинаққа енгізілген. Содан бері жарияланып келеді.

50-бет. «*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Өлеңнің 12-жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Бір күн тыртың етеді, бір күн *бұртың*,—

деп алынды. Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жол:

Бір күн тыртың етеді, бір күн *жыртың*,—

деп жазылған.

Ал, 13-жол 1933 жылғы жинақ бойынша алынып:

*Бас-басына* би болған өңкей қиқым,—

деп басылып отыр, ал 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Өз басына* би болған өңкей қиқым,—

делінген.

52-бет. «*Байлар жүр жиған малын қорғалатып*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің алтыншы жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

Беріп келсе бір *арыз* бұтып-шатып,—

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Беріп келсе бір *қағаз* бұтып-шатып,—

деп жазылған.

53-бет. «*Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да*». Өлеңнің тексі 1909, 1957, жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы және Абайдың 1933 жылғы жинағына сүйеніп:

Мұнан менің қай *жерім* аяулы деп,—

беріліп отыр. Ал, 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Мұнан менің қай *жаным* аяулы деп,—

деп жазылған.

Алтыншы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіттің қолжазбаларына сүйеніп:

Кісі екен деп *үлкеннен* ұялмай жүр,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Кісі екен деп *ұлықтан* ұялмай жүр,—

делініпті.

Жетінші шумақтың алғашқы екі жолы Мүрсейіт қолжазбаларына негізделіп:

Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр,  
Ол-дағы ұры-қарды *тыя* алмай жүр,—

деп берілді. 1909, 1933 жылғы жинақтарда бұл тармақтар:

Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр,  
Ол-дағы ұры-қарды қыра алмай жүр,—

деп басылыпты.

55-бет. «Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйеніп басылды.

Өлеңнің:

Қу шалбар қулығына болған айғақ,  
Тізесін созғылайды қалталанса-ақ.  
Ұстаудағы кісідей мезгілі бар,  
Күні бойы шешініп бір т...-ақ,—

деген төртінші шумағы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша қосылып, басылып отыр. 1909, 1933 жылғы жинақтарда бұл шумақ жоқ.

Соңғы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары және 1909 жылғы жинақтың негізінде:

Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ,—

деп берілді. Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Сәлемдеспей жатып-ақ ыржаң қақпақ,—

делініпті.

57-бет. «Бір дәурен келді күнге — бозбалалық». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907) бойынша беріліп отыр.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы 1933 жылғы басылымы бойынша:

Дейміз бе еш нәрседен қорғалалық,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылымында:

Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық,—

делініпті.

Сегізінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Әсем салдық өлгенше *кім қыларлық?*—

деп алынды. Бұл жол бұрынғы басылымда 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

Әсем салдық өлгенше *кем қаларлық,*—

деп басылып келген.

Соңғы шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Үзілмес үмітпенен бос қуардық,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық,—

деп басылыпты. 1933 жылғы жинақта М. Әуезов бұл жолды «Абай өзі осылай түзеген екен» деп көрсетіпті.

59-бет. «*Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйеніп алынды.

Екінші шумақтың екінші жолы:

Кейбіреу қояр *көңіл* ұққанынша,—

деп жіберіліп отыр. Өйткені 1909 жылғы басылым мен Мүрсейіт қолжазбаларының бәрінде осылай берілген. Бұрынғы басылымдарында:

Кейбіреу қояр *құлақ* ұққанынша,—

деп жарияланып келген.

Тоғызыншы шумақтың екінші жолы да 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Лапылдақ* көрсе қызар нәпсіге ерме,—

деп алынды. Бұрынғы басылымдарында:

*Лапылдап көрсе қызар нәпсіге ерме,—*

деп басылған.

Оң үшінші шумақтың бірінші жолы бұрынғы басылымдарына сүйеніп берілді. Бұл жолды:

*Ақыл керек, ес керек, мінез керек,—*

деу дұрыс сияқты.

Жиырма төртінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақта да және Мүрсейіт қолжазбаларының бәрінде де:

*Өзі зордың болады ығы да зор—,*

делінген екен, бұл жинақта сол нұсқасы қабылданды. Бұрынғы басылымдарында:

*Өзі зордың болады иығы да зор,—*

деп басылып келген.

Өлеңнің ақырғы шумағы 1933 жылғы басылуы мен Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп жіберіліп отыр.

63-бет. *«Патша құдай сыйындым»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша жіберілді.

64-бет. *«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар»*. 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

65 бет. *«Ғылым таппай мақтанба»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

Алғашқы тираданың төменнен санағандағы екінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Көп көзіне көріне айтпа,—*

деп берілді.

Алғашқы тираданың:

Сізге ғылым кім берер,  
Жанбай жатып сөнсеңіз,—

деген 26—27 жолдары Мүрсейіт қолжазбаларына сәйкес қабылданып отыр.

68-бет. «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ». Өлеңнің тексі 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді және 1897 жылғы Уфа қаласында жарияланған «Князь блан Загифа» қисасындағы «Сынағандағы аттың сыны» деген атпен берілген өлеңі де қоса қарастырылды.

Екінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақтың негізінде:

Қабырғалы, жотасы болса күшті,—

делінген. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1897 жылғы басылымға сәйкес:

Қабырғалы, жоталы, болса күшті,—

деп қабылданды.

Төртінші шумақтың екінші жолы Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары мен 1897 жылғы басылымы бойынша:

Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909, 1933 жылғы басылымы мен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Алды-арты бірдей келген ерге жайлы,—

делінген екен.

Алтыншы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Белдеуде тыныш тұрса байлап көрсек,—

деп басылып отыр. Бұл жол 1909, 1933 жылғы басылымында:

Белдеуден тыныш тұрсын байлап көрсек,—

деп берілген.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Тығылмай әм сүрінбей *жүрдек* көсем,—

деп берілді. Ал 1897 жылғы басылымында:

Жығылмай һәм сүрінбей *жүрсе* көсем,—

делініпті.

Төртінші шумақтың бастапқы жолы 1909 жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Кең сауырлы* тар мықын, қалбағайлы,—

деп берілді.

Ал 1897 жылғы басылымында:

Тар мықын, *талғақ жая*, қалбағайлы,—

деп беріліпті.

Соңғы шумақтың екінші жолы бұрынғы басылымдарында:

Кісіні *бұл, бұл* қағып жүргізгендей,—

деп басылып келіпті. Ал бұл басылымында түзетіліп:

Кісіні *бол, бол* қағып жүргізгендей,—

деп қабылданды.

70-бет. *Жаз* [«*Жаздықүн шілде болғанда*»]. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасымен берілді.

Өлеңнің 23 жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейітнің 1905 жылғы қолжазбасы негізінде:

*Аяңшылы* жылпылдап,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

*Аяңдап желе* жылпылдап,—



деп жазылыпты.

Жиырма жетінші жолы 1909 жылғы басылуы бойынша берілді.

Соңынан санағандағы:

Өткен күннің бәрі ұмыт,—

деген бесінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп енгізілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта жоқ.

73-бет. «*Интернатта оқып жүр*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) негізінде басылды.

76-бет. *Көкбайға* [«*Сорлы Көкбай жылайды*»]. Өлеңнің тексі 1933, 1957 жылғы жинақтар бойынша берілді.

77-бет. *Көжекбайға* [«*Жамантайдың баласы Көжек деген*»]. Бұл өлең 1933, 1957 жылғы басылымдары бойынша алынды.

78-бет. «*Өкінішті көп өмір кеткен өтіп*». Өлеңнің тексі 1957 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

80-бет. «*Сабырсыз, арсыз, еріншек*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылды.

Өлеңнің 10-жолы 1909, 1933 жылғы басылуы мен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы бойынша:

Іс қылмай ма *ол кісі*,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіт 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Іс қылмай ма *үлгісі*,—

делініпті.

Өлеңнің 28-жолы 1933 жылғы жинақ бойынша:

Пысық деген ат шықты,—

деп берілді.

Елу тоғызыншы жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп,

Өз үйінде *қипаңдап*,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Өз үйінде қисаңдап,—

деп жазылыпты.

Сол шумақтың соңынан санағандағы 3 жолы 1909 жылғы жинақ нұсқасымен:

Айтылмай сөзім қалған жоқ,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Айтылмай сөз қалған жоқ,—

делініпті.

83-бет. *Көжекбайға* [*«Бөтен елде бар болса»*]. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде берілді.

Екінші шумақтың 17-жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Егер күші жүрмесе,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1933 жылғы басылуында:

Егер күші жетпесе,—

делінген.

Өлеңнің соңынан санағандағы жетінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде:

Сенімсіз болды алашқа,—

деп жіберілді.

89-бет. *«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Тоғызыншы шумақтың соңғы жолы 1933 жылғы басылған нұсқасы бойынша:

Былжырақ көрінеді соларды аңдап,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Былжырақ көрінсіді *бәрі* даңдақ,—  
делініпті. Ал 1909 жылғы жинақта:

Былжырақ көрінеді *солар* даңдақ,—  
деп басылыпты.  
Оныншы шумақтың алғашқы екі жолы 1909 жылғы  
жинақтың нұсқасына қарап:

*Ескі бише* отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін *тұрман зарлап*,—  
деп басылып отыр. Бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Бұрынғы ескі* бише бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін *тұрған зарлап*,—  
деген екен.  
Он бірінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы ба-  
сылуы мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Әншейін күн өткізбек *әңгімеге*,—  
деп алынды. Бұл жол бұрынғы жинақтарда:

Әншейін күн өткізбек *әңгіме үшін*,—  
деп басылып келген.  
Он үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жи-  
нақтың негізінде:

*Мақтан құған мал құмар* немі ұға алсын,—  
деп қабылданды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жел буаз, жел өкпелер* немі ұға алсын,—  
деп жазылыпты.

92-бет. *Назарға* [«*Мынау келген Назар ма?*»]. Бұл  
экспромт 1933 жылдан бастан Абай жинақтарының бә-  
рінде кіргізіліп келеді.

93-бет. «*Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы басылуына қарап:

Бұрынғы жақсылардан *өрнек* қалған,—

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Бұрынғы жақсылардан қалған *мирас*,—

деп жазылыпты.

Осы үшінші шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Биде тақпақ, мақал бар, *байқап* қара,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Биде тақпақ, мақал бар *ойлап* қара,—

деп басылыпты.

Сегізінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ негізінде:

Сүйенерлік *адамды құрымет* қыл,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Сүйенерлік *адамға сөз* қызмет қыл,—

деп жазылыпты. Ал 1933 жылғы жинақта:

Сүйенерлік *адамды сүй*, қызмет қыл,—

деп беріліпті.

Оныңша шумақтың екінші жолы 1909, 1922 жылғы басылымында да, сол секілді Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында да:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бәрі — жамау, бәрі құрау,—

деп оқылады.

Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бәрі — жамау, көбі құрау,—

делінген. Ал бұл жол осы басылымда 1933, 1954 жылғы жинақтар негізінде:

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі *бірі* жамау, *бірі* құрау,—

деп қабылданды.

95-бет. Күз [*«Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан»*].

Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933 жылғы басылуы мен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары негізінде:

*Күзеу тозған*, оты жоқ елдің маңы,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

*Күз отырған* оты жоқ елдің маңы,—

делінген екен.

Осы ақырғы шумақтың екінші жолы да 1909, 1933 жылғы жинақтар мен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары нұсқасымен:

От жақпаған үйінің сұры *қашып*,—

деп басылып отыр. Бұл жол Мүрсейіттің 1909 жылғы қолжазбасында:

От жақпаған үйінің сұры *кетті*,—

деп жазылған.

97-бет. «Қараша, жел тоқсан мен сол бір-екі ай». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасымен берілді.

Екінші шумақтың соңғы екі жолы 1909 жылғы жинақ негізінде:

Тоңған иін жылытып, тонын илеп,—  
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып,—

деп алынды. Бұл екі жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Мүздаған иін жылтып, тонын илеп,  
Шекпен тігер қатындар бүрсең қағып,—

деп жазылыпты.

Үшінші шумақтың басқы жолы 1933 жылғы басылуы бойынша:

Жас балаға үйде от жоқ тұрған маздап,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,—

деп басылыпты. Ал, Мүрсейіт қолжазбаларында:

Жас балаға отын жоқ тұрған маздап,—

делінген.

Осы үшінші шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Бір жағынан қысқанда жел де азынап,—

деп берілді.

Өлеңнің алтыншы — жетінші шумақтары 1933 жылғы баспасына негізделіп басылып отыр.

99 бет. Қыс [«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды»]. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды. Төртінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы негізінде:

Басқан *жері* сықырлап, келіп қалды,—  
деп алынды. Бұл жол Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қол-  
жазбаларында:

Басқан *ізі* сықырлап, келіп қалды,—  
деп жазылыпты.  
Өлеңнің 11-жолы 1933 жылғы жинаққа сәйкес:  
Бұрадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,—

деп жіберілді. .  
16-жолы 1909, 1933 жылғы басылымдарына сүйеніп:

Бет қарауға шыдамай *теріс* айналды,—  
деп берілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Бет қарауға шыдамай *сырт* айналды,—  
делінген екен.  
18-жолы Мүрсейіт қолжазбаларының нұсқасымен:

Титығы құруына *аз-ақ* қалды,—  
деп жіберілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Титығы құруына *тез* тақалды,—  
деп басылыпты.

101-бет. *Күлембайға* [*«Уағалайкүмүссәләм»*]. Бұл өлең 1933 жылғы басылымға кіргізіліп, содан бергі жинақтардың бәрінде де басылып келеді.

102-бет. *Көкбайға* (*«Бұралып тұрып»*). Өлеңнің тексі 1933 жылғы жинаққа еніп, содан бері жарияланып келеді.

103-бет. *«Желсіз түнде жарық ай»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) негізінде берілді.

Соңғы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Дүрсіл қағып жүрегі,—*

ден алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Лүпілден жүрегі,—*

ден жазылыпты.

104-бет. «*Ішім өлген, сыртым сау*». Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Өлеңнің жетінші жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

*Кісі алдына барғанда,—*

ден қалдырылды. Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жол:

*Кісі алдында кірбеңдеп,—*

ден жазылған екен.

*Ұрлық пенен қулыққа  
Байлағанда кестің бау,—*

деген 17—18 жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында «Жат мнәзсің жабырқау» деген жолдан кейін келеді. Әйтсе де өлеңнің мазмұнына қарап 1909 жылғы жинақ бойынша қалдырылды.

Өлеңнің ақырғы жолы 1909 жылғы жинақтың негізінде:

*Керек күні бір бар-ау,—*

ден берілді. Мүрсейіт қолжазбасында:

*Керек жері бір бар-ау,—*

деніншігі.

106 бет. *Күлембайға* [«*Болыс болдым мінеки*»]. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Ікінші шумақтың 6 жолы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933 жылғы басылуы негізінде:



Жүрек кетті *дүпілдеп*,—

деп алынды. 1909 жылғы жинақта бұл жол:

Жүрек кетті *дуылдап*,—

деп оқылатын.

Екінші шумақтың 17 жолы Мүрсейіттің барлық қолжазбалары 1909, 1957 жылғы басылуы бойынша:

*Қайраттысып, қамқорсып*,—

деп берілді.

Бұл жол 1933, 1939 жылғы жинақтарда:

*Қамқор жансып айламен*,—

деп басылыпты.

Үшінші тираданың екінші жолы бұрынғы жинақтарда:

*Мақтаймын елімді*,—

деп басылып келген еді. Бұл жинақта Мүрсейіт қолжазбаларының негізінде:

*Мақтамаймын елімді*,—

деп түзетілді.

Үшінші тираданың 11-жолы 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіттің барлық қолжазбаларында да:

Қазақты жеген қайратты *ел*,—

депті. Өлеңнің мағынасына қарап:

Қазақты жеген қайратты *«ер»*,—

деп жөнделді.

Үшінші тираданың 16-жолы Мүрсейіттің барлық қолжазбаларында да, 1909, 1933 жылғы жинақтарда да:

Ноқтаға басы *керілді*,—

екен. Соңғы жинақтарда:

Ноқтаға басы кірілді,—

деп басылып келген.

Төртінші тираданың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Етек кеткен *жайылып*,—

деп алынды. 1909 жылғы жинақта:

Етек кеткен *жабылып*,—

деп басылыпты.

Төртінші тираданың 15-жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Қүлкісі *жақсы* қарқылдап,—

деп жіберілді. Мүрсейіт қолжазбаларында:

Қүлкісі *бөлек* қарқылдап,—

деп жазылыпты.

Бесінші тираданың 16-жолы өлеңнің үйлесіміне қарай Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Еш кісіні *теппеймін*,—

деп алынды. 1909 жылғы басылымында:

Еш кісіні *тыймаймын*,—

деп.

Бесінші тираданың соңғы жолы өлеңнің ұйқасына қарай, Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

«Жақсы ақыл» деп, «құп» *деймін*,—

деп қалдырылды. 1909 жылғы басылуында:

«Жақсы ақыл» деп *құптаймын*,—

деп алынды.

Алтыншы тираданың 13-жолы 1909, 1933—1957 жылғы басылуы мен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасының негізінде:

Ақыл *айтар* туғандар,—

деп жіберіліп отыр. Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Ақыл *жеткен* туғандар,—

делініпті.

Соңғы тираданың тоғызыншы жолы 1909, 1933, 1957 жылғы басылуы мен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Өзі *залым* зақұншік,—

деп алынды. Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Ұры *залым* зақұншік,—

делінген екен.

Соңғы тираданың 11-жолы 1909 жылғы басылуы бойынша:

Көрмей тұрып *құсамын*,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Көрмей тұрып *түсемін*,—

екен.

111-бет. *Әсетке* [«*Біреуден біреу артылса*»]. Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылды.

Бесінші шумақтың соңғы жолы 1933 жылғы басылуына сүйеніп:

Не *қылсын* өнер ізденіп,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында:

Не *білсін* өнер ізденіп,—

деп көрсетіліпті.

113-бет. «*Мәз болады болысың*». Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде басылып отыр.

Соңғы жолы 1909, 1933 жылғы басылуына қарап:

Бір *дәмдіні* татқанға,—

деп алынды. Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жол:

Бір *тәттіні* татқанға,—

делініпті.

115-бет. «*Білімдіден шыққан сөз*». Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйеніп қабылданды.

Жетінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы басылуы бойынша:

*Дертті* ішіне ем көріп,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жаралы* ішке ем көріп,—

делініпті.

117-бет. *Сегіз аяқ* [*«Алыстан сермеп»*]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1909—1967 жылғы жинақтар негізінде басылып отыр.

Бесінші шумақтың төртінші — бесінші жолдары 1909, 1933 жылғы жинақтар негізінде:

Пайдасыз *тақыл*,  
Байлаусыз *ақыл*,—

деп алынды. Бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында:

Пайдасыз *ақыл*,  
Байлаусыз *тақыл*,—

деп берілген.

Алтыншы шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы басылуына сүйеніп:

*Аңдығаны, баққаны,—*

деп берілді, Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Іздегені, баққаны,—*

екен.

Оныншы шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Қор болып құрып, барасың,—*

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Қор болып қолда барасың,—*

делініпті.

Он төртінші шумақтың екінші жолы Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасына сәйкес:

*Жүз кісі сұмға,—*

деп қабылданды.

Осы шумақтың алтыншы жолы:

*Айғаймен кетті, амал жоқ,—*

деп басылды. Өйткені 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіттің барлық қолжазбаларында да осылай. Бұл жол бұрынғы басылымдарында:

*Айғаймен өтті, амал жоқ,—*

деп басылып келген.

Жиырма екінші шумақтың төртінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Естісем үнің,—*

деп алынды. Бұл жол 1909, 1933 жылғы жинақтарда:

*Есігін үнін,—*

деп басылыпты.

Жиырма төртінші шумақтың ақырғы жолы өлеңнің негізгі ой арқауына қарап:

*Қысылған жерде — жан жалдау,—*

деп алынып, өтірік жанын беріп ант ішу мағынасында қалдырылды. Бұл жолдың «жан жалдау» деген соңғы сөзі Абай жинақтарының әрқайсысында әртүрлі басылып келді. Соңғы 1954 жылғы басылуында жанжал-дау шығару мағынасында деп есептелініп:

*Қысылған жерде — жанжал-дау,—*

стіп басылған болатын. Үйткені қолжазбадан да, 1909 жылғы басылуынан да бұл жерін айыру қиын — қосылып, тұтас жазылған.

Соңғы шумақтың алтыншы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Сөзімді ұғар елім жоқ,—*

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Сөзімді ұғар біреу жоқ,—*

деп көрсетіліпті.

124-бет. «*Сәулең болса кеудеңде*». Өлеңнің тексі (1909)–1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша басылды.

Алғашқы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинаққа негізделіп:

*Егер сәулең болмаса,—*

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Егер сәулең жоқ болса,—*

деп жіберіліпті.

Соңғы тираданың 24-жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сәулең:

Ел *тыныш* болса, жақсы сол,—  
деп алынды. 1909 жылғы жинақта бұл жол:

Ел *ит* болса, жақсы сол,—  
деп басылыпты.

126-бет. «*Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін*». Өлең-  
нің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қол-  
жазбалары (1906, 1910) бойынша берілді.

Екінші шумақтың бесінші жолы, 1909 жылғы жинақ  
негізінде:

Таң қаламын алдыңғы *айтқанды* ұқпай,—  
деп алынды. Мүрсейіт қолжазбаларында бұл жол:

Таң қаламын алдыңғы *сөзіңді* ұқпай,—  
деп жазылыпты.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы басыл-  
ған нұсқасы бойынша:

*Кәрілікті* жамандап, өлім тілеп,—  
деп жіберілді. Бұл жол 1909 жылғы басылуында да,  
Мүрсейіт қолжазбаларында да:

*Елде кәрі* жамандап өлім тілеп,—  
делініпті.

Осы үшінші шумақтың ақырғы жолы 1909 жылғы  
жинақ бойынша:

*Түбі* терең сөз артық, бір байқарсыз,—  
деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Ойы* терең сөз артық, бір байқарсыз,—  
деп беріліпті.

Төртінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы басы-  
луы негізінде:

*Қинамай* қызыл тілді, кел тілді ал, қой,—

деп қабылданып отыр, Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Қиналмай қызыл тілім, кел тілді ал, кой,—*  
скен.

Ақырғы шумақтың:

*Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез*  
*Қанша қызық болады өзіңізге,—*

деген соңғы екі жолы 1909 жылғы жинақта жоқ, Мүрсейіт қолжазбалары бойынша қосылып отыр.

128-бет. *«Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек»*. Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

129-бет. *«Ғашықтық, құмарлық пен — ол екі жол»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларының (1905, 1907, 1910) нұсқасына сүйеніп алынды.

Соңғы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,—*

деп қабылдады. Ал, кейінгі 1939, 1945 жылғы жинақтарында:

*Тұла бойды тоңғызар үміт үзсе,—*

деп басылған.

Бұл өлеңдегі «ғашық», «ғашықтық» деген сөздер 1909 жылғы жинақ бойынша берілді. Бұл сөздер Мүрсейіт қолжазбаларында «асық», «асықтық» деп жазылыпты.

130-бет. *«Қор болды жаным»*. Өлеңнің тексі 1909 — 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Соңғы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы жинақтың нұсқасына сүйеніп:

*Ғашығымның жанына,—*

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Барса ғашық маңына,—*

деп жазылыпты.



131-бет. «*Сен мені не етесің*». Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылып отыр.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Өмір бойы қор өтесің,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Өмір бойы қор етесің.

Екінші шумақтың жетінші жолы 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары негізінде:

Сен үздің ғой бұл желкемді,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Сен үздің ғой бұл *менің* желкемді,—

делінген.

134-бет. *Жігіт сөзі* [«*Айттым сәлем, қалам қас*»]. Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларының (1905, 1907, 1910) нұсқасына сүйеніп алынды.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіт қолжазбаларында да:

*Келер* көзге ыстық жас,—

делінген екен. Ал 1933 жылғы жинағында:

*Ағар* көзден ыстық жас,—

деп басылыпты.

136-бет. *Қыз сөзі* [«*Қиыстырып мақтайсыз*»]. Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша беріліпті.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы басылуына сүйеніп:

Ит қор адам *болар ма*,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Ит қор адам *бола ма*,—

деп көрсетілген екен. Ал Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Ит қор адам *табылмас*,—

деп жазылыпты.

138-бет. «*Білектей арқасында өрген бұрым*». Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Екінші шумақтың алғашқы жолы соңғы басылымдарында:

*Аласыз қара көзі айнадайын*,—

деп басылған. Бұл жинақта 1909 жылғы және 1933 жылғы басылымдардағы қалпы сақталып:

*Аласы аз қара көзі айнадайын*,—

деп қабылданды.

139-бет. «*Қажымас дос халықта жоқ*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбасы (1905) бойынша берілді.

Бұрынғы басылып келген 1909 жылғы жинақтағы нұсқасынан басқа Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында екі шумақ өлең қосылып жазылыпты. Олар:

Бұйда тақ та мұрнына,  
Бер деседі қолыма  
Жарасар ма өзіне  
Иттің ерсең соңына,—

деген үшінші шумақ пен:

Жаксы досың бар болып,  
Жанды аяған жарамас.  
Оңбаған дос жар болып,  
Ұятыңа қарамас,—

деген ақырғы шумақ.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жинақтың негізінде:

Сыйласарлық тектінің,—

деп қалдырылды. Мүрсейітте бұл жол:

Сақтасарлық жақсының,—

деп жазылыпты.

141-бет. «*Жастықтың оты, қайдасың*». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907) мен 1957 жылғы жинақ бойынша басылды.

143-бет. «*Жарқ етпес қара көңлім, не қылса да*». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша алынды.

Соңғы шумақтың ақырғы жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Қорлық пен мазағына *табылса* да,—

деп берілді. Бұл жол 1933 жылғы басылуына сүйеніп:

Қорлық пен мазағына *табынса* да,—

деп басылып келген.

144-бет. «*Тұлпардан тұғыр озбас, шабылса да*». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша беріліп отыр.

145-бет. *Қара қатынға* [*«Қара қатын дегенге қара қатын»*]. Бұл өлең 1933—1957 жылғы жинақтар бойынша берілді.

Абай бұл шығармасын Баймағамбеттің әйеліне қалжың етіп шығарған көрінеді. Баймағамбет Мырзаханұлы Абаймен көршілес, көңілдес жақын адам болған. Өзі — ертегіші, Абайдан естіген шығармалардың мазмұнын әңгімелеп айтып жүрген.

146-бет. «*Бай сейілді*». Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбалары негізінде:

Бас пен аяқ *бір қысап*,—

деп алынды. Ал 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Бас пен аяқ *сір есен*,—

делініпті.

Осы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Үйден *үрген* итке ұсап,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары мен 1909 жылғы басылуында:

Үйден *ұрған* итке ұсап,—

деп алынған екен.

Бесінші шумақтың төртінші жолы:

*Еміреніспес*,—

деп қалдырылды. Үйткені 1909 жылғы жинақта да, сол секілді Мүрсейіттің барлық қолжазбаларында да солай екен. Бұрынғы басылымдарында:

*Еміренбес*,—

деп басылып келіпті.

Осы шумақтың ақырғы жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Ұқсамас *еш* сыртына,—

деп қабылданды. Бұрынғы басылымдарында:

Ұқсамас *іші* сыртына,—

деп қате оқылып келген.

Өлеңнің:

Ел де жаман,  
Ер де жаман,  
Андығаны өз елі.  
Ел де сыяз,  
Ойда ояз,  
Оңбай-ақ түр әр түрі,—

деген алтыншы шумағы 1909 жылғы жинақта жоқ, Мүрсейіт қолжазбалары негізінде қосылып басылып отыр.

Жетінші шумақтың соңғы жолы 1933 жылғы жинақта:

*Тайса аяғың, кем көмек,—*

деп берілген.

Сегізінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы басылуы бойынша:

*Жақсы құрбы,—*

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жасы құрбы,—*

делініпті.

148-бет. *«Ем таба алмай»*. Өлеңнің тексі 1909, 1933, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Соңғы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы басылу нұсқасымен:

*Еш нәрседен қайғысыз,—*

деп алынды. Мүрсейіт қолжазбаларында және 1933 жылғы жинақта:

*Ештемеден қайғысыз,—*

деп жазылған екен.

150-бет. *«Қелдік талай жерге енді»*. Өлеңнің тексі 1910, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде берілді.

Өлеңнің тоғызыншы жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Таба алмадық *еш* адам,—

деп алынды. 1909, 1933 жылғы жинақтарда:

Таба алмадық *бір* адам,—

деп басылыпты.

Жиңырма алтыншы жолы 1909 жылғы жинақ негізінде:

Салсын құлақ ұққандар,—

деп қалдырылды. Ал бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында

Құлақ қойсаң ұққандар,—

деп жазылыпты.

Отыз екінші жолы:

Ұқтырасың сен не деп,—

деп қабылданды. Үйткені 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіт қолжазбаларында да солай берілген. Алдыңғы бағамдарында:

Ұқтырарсың сен не деп,—

деп басылып келіпті.

Отыз төртінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Тыныштық *сүймей* қышынып,—

деп жіберілді. Мүрсейіт қолжазбаларында:

Тыныштық *сүйсін* қышынып,—

деп білінді.

Отыз бесінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Өтірікке *тұшынып*,—

деп алынды. 1909 жылғы жинақта.1

Өтірікке түсініп,—

делінген екен.

Қырық бірінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасына сүйеніп:

Таба алмадық өңге елді,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

Таба алмадық өзге елді,—

екен.

152-бет. «Өзгеге көңлім, тоярсың». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негіздерінде берілді.

Екінші тираданың бесінші жолы 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Мендей ғарып кез болса,—

деп алынды. Бұл жол 1933 жылғы баспасында:

Мендей ғарып кез келсе,—

деп басылыпты.

Осы тираданың 12-жолы 1909 жылғы жинақ пен 1933 жылғы басылуына сүйеніп:

Ішкі сырын аңғарсын,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Ішкі сырды аңғарсын,—

делініпті.

154-бет. «Кейде есер көңіл құрғырың». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде басылып отыр.

155-бет. *Жазғытұры* [*«Жазғытұры қалмайды қыстың сызы»*]. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша ба-  
сылды.

Алғашқы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақ-  
тың негізінде:

*Масатыдай құлпырар жердің жүзі,—*

деп алынды. Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Масатыдай құлпырып жердің жүзі,—*

деп жазылыпты.

Үшінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары бойынша:

*Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып,—*

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

*Күлмеңдесіп, көрісіп, құшақтасып,—*

делініпті.

Төртінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

*Түйе боздап, қой қоздап — қорада шу,—*

деп қабылданды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Түйе боздап, қой маңырап — қорада шу,—*

деп жазылған екен.

Бесінші шумақтың 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары негізінде:

*Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,—*

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбаларында:



Қол жағалап мамырлай қу менен қаз,—  
деп көрсетіліпті. Ал 1933, 1939, 1945 жылғы басылымында:

Қол жағалап мамырлап қу менен қаз,—  
деп басылған екен.

Алтыншы шумақтың соңғы жолы 1909 және 1933 жылғы басылымдарына негізделіп:

Тастағы үнін қосар байғыз, көкек,—  
деп жіберілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Таудағы үнін қосар байғыз, көкек,—  
деп жазылыпты.  
Жетінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбалары бойынша:

Шаруаның біреуі екеу болып,—  
деп алынды. Ал бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында:

Шаруаның бір малы екеу болып,—  
деген екен.  
Сегізінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсейіт қолжазбаларында негізінде:

Безендірген жер жүзін тәңірім шебер,—  
деп берілді.  
Осы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Анамыздай жер ініп емізгенде,—  
деп қабылданды. Ал Мүрсейіт қолжазбаларында:

Енеміздей жер ініп емізгенде,—  
деп жазылған.

Сегізінші шумақтың сегізінші жолы 1909 жылғы жинақ негізінде:

Адамзаттың көңлі өсіп көтерілер,—

деп қалдырылып отыр. Мүрсейіт қолжазбаларында:

Адамзаттың көңлі өсіп, ойнап-күлер,—

деп жазылған екен.

Оп бірінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жинақтың негізінде:

Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынысты,—

деп алынды. Ал бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында және 1933 жылғы жинақта:

Күн — күйеу, жер — қалыңдық сағынышты,—  
келініпті.

Оп екінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақта да, сол сияқты Мүрсейіт қолжазбаларында:

Жан-жануар қуанар тойға елеріп,—

деп берілген. Бұл жол соңғы басылымдарында:

Жан-жануар қуанар тойға еліріп,—

келініп келіпті.

Соңғы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Қызыл арай, сары алтын шатырына,—

деп басылып отыр. Ал бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Қызыл арай ақ күміс шатырына,—

деп беріліпті.

138 бет. «Асқа, тойға баратұғын». Өлеңнің тексті 1909, 1957 жылдардағы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында (1905, 1907, 1910) негізінде алынды. Кейбір басы-

лымдарда Лермонтовтан аударма болар деген пікір айтылған. Бірақ Лермонтовта бұл шығарманың оригиналы жоқ.

Бесінші шумақтың соңғы жолы бұл жинақта:

Асыққансып тоқталмай,—

болып, Мүрсейіт қолжазбасы бойынша түзетілді.

Жетінші шумақтың соңғы жолы:

«Аһ» деп өтті жар үшін,—

болып, 1909 жылғы басылымы бойынша алынды.

Өлеңнің ең ақырғы шумағы 1909 жылғы жинақта жоқ, Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді.

160-бет. «Ата-анаға көз қуаныш». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ негізінде басылып отыр.

Соңғы шумақтың алтыншы жолы Мүрсейіт қолжазбаларында:

Дедің бе,—

делініпті. Ал 1933 жылғы басылуында бұл жол:

Дейсің бе,—

деп көрсетілген екен. Әйтсе де алғашқы нұсқасы қалдырылды.

162-бет. «Тайға міндік». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ негізінде жіберілді.

164-бет. «Заман ақыр жастары». Өлеңнің тексі 1909—1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Алғашқы шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Қосылмас ешбір бастары,—

деп берілді. 1909 жылғы жинақта бұл жол:

Қосылмас еш бастары,—

деп басылыпты.

Екінші шумақтың ақырғы жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Құр тілменен *жиғалы*,—

деп жіберілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Құр тілменен *жиганы*,—

деп басылыпты. 1933 жылғы басылуында:

Құр тілмен малды *жиғалы*,—

делінген.

165-бет. «*Көзінен басқа ойы жоқ*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларына (1905, 1907, 1910) сүйеніп басылды.

Алғашқы шумақтың басқы жолы 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары бойынша:

*Көзінен басқа ойы жоқ*,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

*Өзінен басқа ойы жоқ*,—

деп жазылыпты.

Бесінші шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933 жылғы басылуына сүйеніп:

*Дағарадай* боп сәлдесі,—

деп жіберілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

*Дағардай* боп сәлдесі,—

деп басылыпты.

Соңғы шумақтың екінші жолы 1909, 1933 жылғы басылған нұсқасын негізге алып:

Сөз болмайды *өңгесі*,—

деп қалдырылды. Мүрсейіт қолжазбаларында:

Сөз болмайды *өзгесі*,—

делінген екен.

167-бет. «*Жастықтың оты жалындап*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша беріліп отыр.

Үшінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Жылы жүзбен жайнасын*,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жылы жүріп жайнасын*,—

деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақтың негізінде:

*Жазасын тауып жауласар*,—

деп қалдырылды. Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жазасын тартып жауласар*,—

депті.

Тоғызыншы шумақтың басқы жолы 1909 жылғы жинақта, сол сияқты Мүрсейіт қолжазбаларында да:

*Сұм-сұрқия қу заман*,—

делінген екен. Бұл жол 1933 жылғы басылымында:

*Сұм-сұмырай қу заман*,—

деп алынған екен.

Оныншы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбалары бойынша:

*Мақтанып жұртты шулатса,—*

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында:

*Мақтатып жұртты шуларға,—*

деген екен.

170-бет. «Қызарып, сұрланып». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Бесінші шумақтың екінші жолы Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы мен 1933 жылғы басылуы бойынша:

*Төмендеп көздері,—*

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларында:

*Тұмандан көздері,—*

делініпті.

Осы шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары негізінде:

*Мас болып өздері,—*

деп басылып отыр. Ал Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

*Мәз болып өздері,—*

деп жазылыпты.

Сегізінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы басылуы мен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары негізінде:

*Рахатпен әлсіреп,—*

деп алынып отыр. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

*Рахатпен албырап,—*

деп жазылған екен. Бұл мағына жағынан әлсіз және үйлесімге келмейді.

Ақырғы шумақтың алғашқы екі жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Жүйрік тіл, терең ой,  
Сол күнде қайда едің,—*

деп алынды. Бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Қызыл тіл, жүйрік ой,  
Сол күні қайда едің?—*

деп жазылған екен.

172-бет. «*Көзімнің қарасы*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақта мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907) бойынша басылды.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбалары нұсқасына сәйкес:

*Ғашықтық жарасы,—*

деп алынды. Бұл жол 1909, 1933 жылғы басылуында «ғашығыңның» деген мағынада:

*Ғашқыңның жарасы,—*

делінген екен.

Тоғызыншы шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы басылымы және Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

*Кең маңдай, қалың шаш,—*

деп түзетіліп берілді. Бұрынғы жинақтарында:

*Кең маңдай, қолаң шаш,—*

деп басылып келген.

Оныншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

*Қараса жан тоймас,—*

деп қабылданды. Мүрсейіт қолжазбаларында:

Қараса көз тоймас,—

скен.

Он төртінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Жолыңа берсем де аз,—*

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жолыға берсем аз,—*

деп жазылып, «де» түсіп қалған.

Он жетінші шумақтың:

Артықша жаратқан  
Алланың рахматы,—

деген соңғы екі жолы және он сегізінші шумақтың:

Көрік — тәңрі дәулеті,  
Қылса ұнар құрметі,—

деген алғашқы екі жолы 1933 жылғы басылған нұсқаның негізінде қосылып басылып отыр. Бұл жолдар 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіт қолжазбаларында да жоқ.

Өлеңнің Мүрсейіт қолжазбалары мен Абай шығармаларының өзге басылымдарының бәрінде бар, бірақ 1957 жылғы басылымда түсіп қалған жетінші, сегізінші шумақтары қайтадан қосылып берілді.

176 бет. «*Менсінбеуші ем наданды*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1903, 1907, 1910) негізінде басылды.

178-181-беттер. *Жұмбақ* [«*Алла мықты жаратқан елім бағыр*»]. Бұл жұмбақ, сондай-ақ «Қара жер адам-еткіл болған мекен» және «Сыналар, ей, жігіттер, келді



жерің» деп басталатын жұмбақтар да алғаш 1933 жылғы жинаққа кіргізілген. Содан бері жарияланып келеді.

181-бет. «*Не іздейсің, көңілім, не іздейсің*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Төртінші шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбалары негізінде:

*Мақтау* — жел сөз жанға қас,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында:

*Мақтан* — жел сөз жанға қас,—

деп жазылыпты.

Бесінші шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларына сүйеніп:

*Жұрттың бәрі сөз сатқан*,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында:

*Жұрттың бәрі сөз сатса*,—

делінген.

183-бет. «*Жүрегім, ойбай, соқпа енді*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Үшінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Сенісерге *жан* таба алмай,—

деп берілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Сенісерге *жар* таба алмай,—

деп басылыпты.

184-бет. «Қайғы шығар ілімнен». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша басылды.

Төртінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы негізінде:

Ұстайсың қайтпін құрықтап?—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Тоқтатпасаң құрықтап,—

деп жазылыпты. Ал 1933 жылғы басылуында:

Ұстай алмайсың құрықтап,—

деп алыныпты.

Бесінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы басылған нұсқасына қарап:

Кейбіреуі дүрсін жүр,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Кейбіреу дүрипін жүр,—

деп басылыпты. Ал Мүрсейіт қолжазбаларында:

Кейбіреуі дүріс жүр,—

деп көрсетіліпті.

Алтыншы шумақтың бесінші жолы 1933 жылғы басылуы негізінде:

Партия жиып, мал сойса,—

деп берілді. Бұл жол 1909 жылғы жинақта да және Мүрсейіт қолжазбаларында да:

Партия жиып, мал сойып,—

делінген екен.

Осы шумақтың 9 жолы 1933 жылғы басылуы мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

Итше *индет* тілмей,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жинақта:

Итше *иттен* тілемей,—

деп көрсетіліпті.

187-бет. *Оспанға* [*«Жайнаған туың жығылмай»*]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша басылды.

188-бет. *Оспанға* [*«Кешегі Оспан»*]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ негізінде берілді.

Төртінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары мен 1933 жылғы басылуы негізінде:

Жеке тартқан *кетті* гүл,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Жеке тартқан *өтті* гүл,—

деп жазылыпты.

190-бет. *«Күлімсіреп аспан тұр»*. Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді.

Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбаларында Лермонтовтан делінген. Абай М. Ю. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» деген өлеңін негізге алғанмен, еркін өзінше шығарған. Сондықтан бұл басылымда ақынның өз шығармасы ретінде алынды.

192-бет. *«Ысытқан, суытқан»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Сонғы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинақ

пен Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы нұсқасына сүйеніп:

Надандықпен жеңілмес,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында:

Надандық *омен* жеңілмес,—

деп көрсетіліпті.

193-бет. «*Бойы бұлғаң*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары мен 1933 жылғы басылуына сүйеніп:

*Бір* міні жоқ бендесіп,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

*Еш* міні жоқ бендесіп,—

деп беріліпті.

Жетінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Тыныштық *іздер* елде жоқ,—

деп қалдырылды. 1933 жылғы басылуында:

Тыныштық *іздеу* елде жоқ,—

мен

196 бет. «*Жақсылық ұзақ тұрмайды*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді. 6-жолы Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы мен 1933 жылғы басылуы негізінде:

Қос тепкіні салсаң да,—

деп алынды. Бұл жол 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында:

Қанша тепкі салсаң да,—  
делінген екен.  
Өлеңнің:

Жер қорығыш желгек шал  
Желіп жүріп боздайды,—

деген соңғы екі жолы Мүрсейіт қолжазбалары нұсқасымен енгізілді. 1909 жылғы жинаққа кірмей қалған.

Екінші шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

Талапты көңіл слермес,—

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Талаптың көңлі елермес,—

деп жазылыпты.

198-бет. *Баймағамбетке...* [«*Ажынның жақсы-ақ қызы едім*»]. Бұл өлең 1933 жылғы басылымынан бері Абай жинақтарына кіргізіліп жүр.

199-бет. «*Антпенен тарқайды*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) негізінде берілді.

Екінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы жинақ бойынша берілді.

Үшінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Басы ақыр қайқайды,—

деп жіберілді.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909, 1933 жылғы басылуы мен Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбаларында:

*Жұрт тағы мал жайлы,—*

делінген. Бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы бойынша:

*Жұрт тағы мал жайды,—*

деп беріліп отыр.

Бесінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы жинаққа негізделіп:

*Тай алып серкешке,—*

деп басылып отыр. Бұл Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Таласып серкешке,—*

деп көрсетіліпті.

Сегізінші шумақтың алғашқы жолы 1909, 1933 жылғы жинақтар бойынша:

*Пысықтар шайқайды,—*

деп көрсетілген екен.

Осы шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы жинақ бойынша:

*Қағысып шонтайды,—*

деп берілді.

Және Мүрсейіт қолжазбаларында бұл өлеңнің соңында:

*Тіпті бір болмайды,  
Айтқанға көнбейді,—*

деп жалғасып жүрген екі жол бар. Ал бұл жолдар 1909 жылғы жинаққа кірмей қалған. Осы басылуында бұл екі жол қосылып басылмай, тек комментарийда беріліп отыр. Үйткені бұл екі жолдың ұйқасы, құрамы өлеңнен бөлек, кейін қосымша ретінде жалғастырылған жолдар сияқты. Бұл, әрине, жеке тексеруді қажет етеді.

Бұл нұсқасы Абайдың жеке жинақтарында ғана би-  
сылып жүр.

201-бет. «Қарашада өмір тұр». Өлеңнің тексі 1909,  
1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары  
(1905, 1910) бойынша берілді.

203-бет. «Жас өспірім замандас қапа қылды». Өлең-  
нің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қол-  
жазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Өлеңнің соңғы шумағының ақырғы жолы 1909 жыл-  
ғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Бір семіз ат болады оның құны,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1933 жылғы басылуында:

*Майын мінген бір семіз болды-ау құны,—*

деп басылыпты.

Өлеңнің бесінші шумағы — «Көк тұман алдындағы  
келер заман» деген өлеңінен алынды. Мағынасына қара-  
ғанда осы өлеңнің қорытынды шумағы ретінде қабыл-  
данды.

204-бет. «Ғашықтың тілі — тілсіз тіл». Өлеңнің тексі  
1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбала-  
ры (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Алғашқы шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжаз-  
баларына сүйеніп:

Көзбен көр де, *ішпен* біл,—

деп берілді. Бұл 1909 жылғы жинақта:

Көзбен көр де, *ішін* біл,—

деп басылыпты.

205-бет. «Әсемпаз болма әр неге». Өлеңнің тексі 1909,  
1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары  
(1905, 1910) бойынша басылып отыр.

Бесінші шумақтың үшінші жолы 1909, жылғы баспа негізінде:

*Күндестігін қоздырып,—*

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Күндестігін қозғызып,—*

деп жазылыпты.

Соңғы шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақта да, сол сияқты Мүрсейіт қолжазбаларында да:

*Ұстаттық қылған жалықпас,—*

деп беріліпті. Ал бұл жол 1933 жылғы басылымы бойынша:

*Ұстаздық қылған жалықпас,—*

деп қабылданды.

207-бет. *Ескілік киімі* [*«Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен»*]. Өлеңнің тексі 1933 жылғы басылуы бойынша берілді. Өлеңнің бұл нұсқасы Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында да бар. Бірақ онда басқа кісінің қолымен жазылыпты.

208-бет. *Әбдірахман науқастанып жатқанда* [*«Я құдай, бере көр»*]. Өлеңнің тексі Мүрсейіттің қолжазбалары (1905, 1907, 1910) және 1933, 1957 жылдардағы басылуы негізінде алынды.

Алғашқы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Шошыған жүректі,—*

деп берілді. Бұл жол 1933 жылғы басылуында:

*Шошынған жүректі,—*

деп берілді.

Он төртінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:



*Қатайып* сауықсаң,—

деп қалдырылды. Бұл жол 1933 жылғы жинақта:

*Сақайып* сауықсаң,—

деп көрсетілген.

211-бет. *Әбдірахманға* [*«Алланың рахматын»*]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) 1933, 1957 жылғы жинақтар бойынша берілді.

213-бет. *Әбдірахманға Кәкітай атынан хат* [*«Тілім, саған айтайын»*]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) және 1933, 1957 жылғы басылған нұсқалары бойынша жіберіліп отыр.

Екінші шумақтың алғашқы жолы 1933 жылғы басылған нұсқасымен:

*Жүректің сөзін сөйле, тіл,—*

деп берілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Жүректің сөзін сөйлетіп,—*

деп жазылыпты.

Төртінші шумақтың алғашқы жолы Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбаларына сүйеніп:

*Оқып көріп байқасын,—*

делінген екен.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1933 жылғы ба-  
сылуына негізделіп:

*Көріскен соң бір дидар,—*

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

*Көрінген соң бір дидар,—*

деп жазылыпты.

Оныншы шумақтың соңғы жолы Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары арқылы:

Әр нәрсені үйреніп,—

деп беріліп отыр. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Әр немені үйреніп,—

делінген.

215-бет. *Әбдірахманға Кәкітай атынан хат* [«Көзімнің нұрысыз»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1933, 1957 жылдардағы басылуы бойынша берілді.

217-бет. *Қыздарға* [«Қойдан қоңыр, жылқыдан торы білең»]. Бұл өлең 1933 жылы баспаға алғаш кіргізіліп, сонан бері басылып келеді.

219-бет. *«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

220-бет. *«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей»*. Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде алынды.

Екінші шумақтың:

Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,  
Ол немене жоқтықтың әсері емей,—

өлең соңғы екі жолы 1909 жылғы жинақ бойынша берілген. Бұл жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында жоқ.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинаққа сүйеніп:

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,—

өлең жіберілді. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берсе,—

өлең жалғалыпты.

Жетінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақпен Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Зиян шекпей қалмайсың, ондай істен,—  
деп қалдырылды. Бұл жол 1933 жылғы және кейінгі бас  
паларында:

Зиян шекпей қалмассың ондай істен,—  
деп басылыпты.  
Осы жетінші шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы  
басылған нұсқасына қарап:

Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал *жылмас*,—  
деп алынып отыр. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал *табылмас*,—  
деп жазылыпты.

Тоғызыншы шумақтың ақырғы жолы 1909 жылғы  
басылуында:

Антұрғанға қосылмай, кетсін қаңғып,—  
делініпті. Ал бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып,—  
делінген екен. Бұл басылымында өлеңнің мағынасына қа  
рап, осы екі нұсқасын біріктіріп:

Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып,—  
деп қалдырылды.

222-бет. «Балалық өлді, білдің бе?». Өлеңнің тексі  
1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары  
(1905, 1910) бойынша басылды.

Бесінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Кім біледі, *сен кәпір*,—  
деп жіберілді. Бұл жол 1909 жылғы басылуында:

Кім біледі *байқұстар*,—  
деп көрсетіліпті.

Сегізінші жолы 1909 жылғы басылымы бойынша:

Әлде айналып, кім білер,—

деп берілді.

223-бет. «*Лай суға май бітпес қой өткенге*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде алынды.

Төртінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

Талпынып тағы да ойлап зор қылады,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Талапты тағы да ойлап зор қылады,—

деп жазылыпты.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

Өмір жолы — тар соқпақ, бір *иген жақ*,—

деп берілді. Бұл жол 1933, 1939 жылғы баспаларында:

Өмір жолы — тар соқпақ, бір *илген жақ*,—

делінген.

225-бет. «*Әлсе өлер табиғат, адам өлмес*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Екінші шумақтың үшінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1907, 1910 жылғы қолжазбалары негізінде:

Өлді деуге сыя ма, *ойлаңдаршы*,—

деп жіберілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасында:

Өлді деуге сыя ма, *ойлаңызшы*,—

деп жазылыпты.

226-бет. Әбдірахман өлгенде [«Арғы атасы қажы еді»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша басылды.

228-бет. Әбдірахман өлгенде [«Кешегі өткен ер Әбіш»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ негізінде алынды.

229-бет. Әбдірахман өлгенде [«Тұл бойың ұят-ар едің»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907) мен 1957 жылғы жинақ нұсқасына сүйеніп берілді. Өлеңнің бесінші жолы 1933 жылғы басылуы бойынша:

Ерлікке де бар едің,—

деп алынды. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Ерлігің артық бар едің,—

деп жазылыпты.

230-бет. Әбдірахман өліміне [«Жиырма жеті жасыңда»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша басылды.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1933 жылғы басылған нұсқасына сүйеніп:

Аз өмірін ұзайтқан,—

деп жіберіліп отыр. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбаларында:

Өз өмірін ұзайтқан,—

делінген.

233-бет. Әбдірахман өліміне [«Талаптың мініп тұлпарын»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ негізіне сүйеніп алынды.

234-бет. Әбдірахманға [«Орынсызды айтпаған»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді. Абай шығармаларының жинақтарынан 1939 жылдан бастап кіргізіліп келеді.

235-бет. *Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатыуы* [«*Бермеген құлға қайтесің*»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді.

237-бет. *Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатыуы* [«*Жылағанды тоқтатып*»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ нұсқасымен берілді.

Өлеңнің бірінші тирадасының 33-жолы Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбалары нұсқасына сүйеніп:

*Үсті-үстіне бастаса,—*

мен жіберілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында:

*Үсті-үстіне басталса,—*

мен жазылған екен.

240-бет. *Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтауы* [«*Айналайын құдай-ау*»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ нұсқасы негізінде басылды.

Алғашқы шумақтың 11 жолы Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы бойынша:

*Айырып, от қып өртедің,—*

мен алынды. Бұл жол Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында:

*Айырып, от қып өртеген,—*

мен жазылыпты.

Ікінші шумақтың төртінші жолы Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасына сүйеніп:

*Шыққалы ана қарнынан,—*

мен жіберілді. Бұл жол Мүрсейіттің 1905, 1910 жылғы қолжазбаларында:

*Шыққалы бір мен қарынан,—*

деп көрсетіліпті.

Бесінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасына негізделіп:

Сағынып *көрген* қызықты,—

деп қалдырылды. Бұл жол Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында:

Сағынып *көрмек* қызықты,—

делініпті.

Жетінші шумақтың төртінші жолы Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы нұсқасымен:

Жалғанда болмас *жұбаныш*,—

деп басылып отыр. Бұл жол Мүрсейіттің 1905, 1907 жылғы қолжазбаларында:

Жалғанда болмас *сүйеніш*,—

делінген екен.

188-бет. «*Кешегі Оспан ағасы*». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ негізінде басылды.

Сегізінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Алысқанды* денепті,—

деп алынды. Бұл жол 1933 жылғы басылымында:

*Алысқанын* денепті,—

делінген екен.

246-бет. *Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау* [«*Көз жұмғанша дүниеден*»]. Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымына кіргізіліп, соңғы жинақтарда түгел басылып келеді.

Кейбір басылымда «Әкімбай өлгенде» деген атпен жарияланып келді. Бірақ өлеңнің Әкімбайға, не басқа біреуге арналып шығарылғаны анық белгісіз. Әкімбай Ділдәдан туған. Жасында қайтыс болған Абайдың *баласы*.

248-бет. «*Махаббат, достық қылуға*». Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша алынды.

Мүрсейіт қолжазбаларында Лермонтовтан делінген. «Ғашықтық іздеп тантиманың» екінші бір еркін аудармасы сияқты делінгенмен, өлеңнің Лермонтов тексінен тым ашақтығы бұрынғы басылымдарда да (1957) көрсетілген. Бұл жолы «Махаббат, достық қылуға» ақынның өз шығармасы ретінде қабылданды.

249-бет. «*Малға достық мұңы жоқ малдан басқа*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

250-бет. «*Туғызған ата, ана жоқ*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Екінші шумақтың бірінші жолы бұрынғы басылымдарда:

*Толайын десе шара жоқ,—*

өлеңінің келген еді. Бұл жинақта 1933 жылғы жинақ негізінде:

*Тулайын десе шара жоқ,—*

өлең алынды.

251-бет. «*Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында*». Шығарманың тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша жіберілді.

Үшінші шумақтың бірінші жолы бұрынғы баспаларында:

*Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,—*

өлең алынып келді.

Бұл жинақта Мүрсейіт қолжазбасы бойынша:

*Сән-салтанат жұбатпас жас жүректі,—*

өлең берілді.

253-бет. «*Сағаттың шықылдағы емес ермек*». Өлең-



нің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Бұл өленді Абай өзінің балалары Тұраш, Мағауия, Әбдірахман сағатты өлең қылып жазамыз деп жүргенде жазыпты. (Толық жинақ, 442 б. ).

254-бет. «*Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа*». Шығарманың тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Бесінші шумақтың үшінші жолы соңғы баспаларда:

Керім толғап, тауысар *қаңғыр-күңгір*,—

деп алынып келді. 1909 жылғы басылымында:

Керім толғап, тауысар *күңгір-күңгір*,—

делінген.

Бұл басылымда Мүрсейіт қолжазбалары негізінде 1957 жылғы жинақта:

Керім толғап, тауысар *қоңыр-күңгір*,—

деп қабылданды.

Жетінші шумақтың бірінші жолы 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында:

Білімдіден *аяма* сөздің майын,—

делінген.

1933 жылғы басылымында:

Білімдіден *аяман* сөздің майын,—

деп алынды.

Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,  
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?  
Жарамды әнді тындасаң, жаның еріп,  
Жабырқаған көңілің көтерілер,—

деген ақырғы шумақ Абайдың соңғы жинақтарында (1933, 1939, 1945) кіргізіліп жүр, 1909 жылғы басылымы мен Мүрсейіт қолжазбаларында жоқ.

256-бет. «*Адамның кейбір кездері*». Шығарманың тексі

1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында өлеңнің екінші жолы:

*Көңілден алаң басылса,—*

делінген. Бұл жинақта 1909 жылғы басылымы және 1905 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы негізінде:

*Көңілде алаң басылса,—*

деген қалпы сақталды.

Үшінші шумақтың екінші жолы 1909 жылғы және кейбір соңғы басылымдарда:

*Қуаттан ойдан бас құрап,—*

деп алынып келген еді. Бұл жинақта 1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбасындағы және 1933 жылғы басылымындағы:

*Қуатты ойдан бас құрап,—*

деген қалпы сақталды.

258-бет. «*Көк ала бұлт сөгіліп*». Бұл өлең 1933 жылғы баспаға кіргізіліп, Абайдың кейінгі жинақтарының бәрінде басылып келеді.

259-бет. *Рахымшалға* [«*Сұлу аттың көркі жал*»]. Бұл өлең 1933 жылғы басылымына кіргізіліп, Абайдың жинақтарының бәрінде басылып жүр.

260-бет. *Қатыны мен Масақбай* [«*Сырмақ қып асына*»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша алынды.

1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында өлеңнің біраз жолдары ауысып түсіп отырған және кейбір сөздері баспаға болып келеді. Бұл жинақта 1905 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы негізінде өлеңнің соңғы жинақтарда басылып келген қалпы сақталды.

262-бет. *Күйсбайға* [«*Дұғай сәлем жазамын Күйсбайға*»]. Бұл өлең ең алғаш 1938 жылғы жинаққа алғаш кіргізіліп, сонан бері жарияланып келеді.

263-бет. *Дүйсенқұлға* [«*Саудайы-ай сауды алма-дың-ау, сырқауды алып*»]. 1933 жылғы жинаққа алғаш енгізілген.

264-бет. *Разаққа* [«*Мына үйде отыр Разақ*»]. Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы жинаққа кіргізілген.

265-бет. «*Көк тұман — алдындағы келер заман*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алынды.

Мүрсейіт қолжазбаларында (1905, 1907, 1910) екінші шумақтың екінші жолы:

Келер, кетер, артына түк қалдырмас,—

делінген.

Сегізінші шумақтың екінші жолы соңғы басылымдарында:

Ғадаләт пен мархамат *ср* азығы,—

деп алынып жүрді. Ал 1909 және 1933 жылғы жинақтарда және Мүрсейіт қолжазбаларында (1905, 1907, 1910):

Ғадәләт пен мархабат *көп* азығы,—

делінген. Бұл жинақта осы соңғы вариант қабылданды.

Өлеңнің «Адам ғапыл дүниені дер менікі» деген жолдан басталатын екінші бөлегі Мүрсейіт қолжазбаларында (1905, 1907, 1910) өз алдына бөлек жазылған. Ал бұл жинақта 1909 жылғы және соңғы басылымдар бойынша тұтас берілді.

267-бет. «*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

268-бет. «*Алла деген сөз жеңіл*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Өлеңде кездесетін хауас — араб сөзі, сезім мүшелері деген мағынаны білдіреді. Кейін философиялық терминге айналған. Абайда бұл хауас, хауас сәлем, хауаси хамса заһири деген атаулармен ұшырасып отырады. Бұл атаулардың бәрі де адамның ішкі, сыртқы сезімдерінің таби-

гатына байланысты күрделі ахси жиһан (қазіргі бейнелеу теориясы) туралы ұғыммен ұштасып жатады. Бұл өленде кездесетін хауас сөзі жаратушы бойындағы қасиет-сипаттардың жиынтығы (38-сөзді қараңыз) ретінде берілген. Абайдың хауас туралы танымының арғы төркіні әл-Фараби негізін салған машаюн (перепатетиктер) мектебінен алынды. Бұл мектептегілер адамның дүние танымының қайнар көзі сезімге байланысты деп қарайды. Осы себептен де Абай хауас мәселесінде жүрекке шешуші орын береді.

Мүтәкәллимін — XIII ғасырдағы мұсылман дүниесіндегі теологиялық жаңа бағыт. Қалам арабиша «сөз» деген мағынаны береді. Қаламды таратып насихаттаушылар мүтәкәллиміндер деп аталған. Мүтәкәллиміндердің бәрі де шын мәніндегі философтардың пікірлеу жүзесіне қарама-қарсы бағытта болған. Осы көзқарасты Абай негізсіз, жалған деп табады да, өзіндік жаңа бағыт ұстанады. Өзінің бұл танымын Абай «Әуелде бір сұмқ мұз — ақыл зерек» және т. б. өлеңдері мен 17-сара сөзінде таратып отыратынын көреміз. Абайдың мауасты танытудағы өзіндік дербес ойшылдық, соны бағыты, жалпы алғанда, бүкіл мұсылмандықтың негізіне қарсы батыл кадам. Абайдың «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінің осы ойларды айтатын соңғы екі шумағы 1939—1940 жылдарға дейінгі жинақтарына да енбей келген.

Соңғы екі шумақ 1909 жылғы басылымында жоқ, Мүрсейіт қолжазбаларында ғана бар.

1969 бет. *«Күр айғай бақырған»*. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша алынды.

1970 бет. *«Мен сәлем жазамын»*. Бұл өлең алғаш 1933 жылғы басылымына кіргізіліп, сонан бергі жинақтарда сирителініп келеді.

1971 бет. *«Соры қалың соққы жеген пышанамыз»*. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша алынды.

1972 бет. *Ғабидоллаға [«Жазғытұрым қылтиған бір шығарма»]* Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді.

Бұл өлеңді Абай өз аулындағы татар Ғабитхан ұлы

Ғабидолла деген жігітке айтқан. Бұл бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына мастанып, білімді кісімісіп, сөз таластыра бергенде айтышты». (Толық жинақ, 446-б.).

273-бет. «Құлақтан кіріп, бойды алар». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді.

275-бет. «Ерекше естен кетпес қызық қайда». Бұл өлең 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді. Бұрын Абайдың М. Ю. Лермонтовтан аударған «Қасиетті дұға» («Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ»)өлеңіне жалғаса жарияланып келді. Бұл жолы ақынның өз шығармасы ретінде қабылданды.

276-бет. «Болды да партия». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Соңғы шумақтың бастапқы екі жолы:

Өзіңнен асырдың  
Сұм тілді қарыңды,—

деп басылып келген еді. Бұл жинақта 1909, 1933 жылдардағы басылымы бойынша:

Ұрыңнан асырдың  
Сұм тілді қарыңды,—

деп алынды.

278-бет. «Қуаты оттай бұрқырап». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

279-бет. «Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Соңғы шумақ 1909 жылғы жинақта жоқ, Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді.

Бірінші шумақтың соңғы жолы 1909 жылғы жинақ негізінде:

Желіккен жерге тықпас кісің бар ма?!—

деп басылып келіп еді.

Бұл басылымында Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша:

*Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!—*

деп берілді.

280-бет. «*Өлсем орным қара жер сыз болмай ма*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

282-бет. «*Жүректе қайрат болмаса*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905—1910) бойынша берілді.

Үшінші шумақтың екі жолы 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Бере берсең, бер десе,  
Үміт етер таласып,—*

деп берілді.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933 жылғы жинақта:

*Бере берсең, бер десе,  
Әдет етер таласып,—*

делінген.

283-бет. *Жаманбаланың баласы өлгенде* [«*Белгілі сөз: өлді, өлді*»]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбасы (1905) бойынша алынды. «Мұны 1898 жылы өзінің кедей көршісі Жаманбала дегеннің үш жасар ұлы өлгенде айтыпты». (Толық жинақ, 45-бет.).

284-бет. «*Күн артынан күн туар*». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбасы (1905) бойынша берілді.

Бұрынғы басылымдарында:

*Ой артынан ой туар,—*

деп басылып келген жол Мүрсейіт қолжазбасы (1905) негізінде:

*Ой артынан ой қуар,—*

болып қабылданды.

285-бет. «*Ауру жүрек соғады ақырын жай*». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша алынды.

286-бет. «*Есіңде бар ма жас күнің*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Төртінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы жинақта:

*Қасиет кетті, дос кетті,—*

деп басылып келді.

Бұл жинақта Мүрсейіт қолжазбалары бойынша:

*Махаббат кетті, дос кетті,—*

деп алынды.

287-бет. «*Жүрегім менің қырық жамау*». Өлеңнің тексі 1909, 1933, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

288-бет. «*Адам — бір боқ көтерген боқтың қабы*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларынан (1905, 1910) алынды.

1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында екінші шумақтың үшінші жолы:

*Адамды сүй, алланың хикметін сүй,—*

деп басылып келген еді.

Бұл басылымда Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазбасы және 1933 жылғы жинақ негізінде:

*Адамды сүй, алланың хикметін сез,—*

деп берілді.

289-бет. «*Күшік асырап ит еттім*». Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша алынды.

290-бет. «Сүйсіне алмадым, сүймедім». Бұл өлең бірінші рет 1933 жылғы жинаққа кіргізіліп, соңғы жинақтарда жарияланып келеді.

291-бет. *Дутбайға* [*«Жылуы жоқ бойының»*]. Өлеңнің тексі Мүрсейіт қолжазбалары (1907, 1910) мен 1957 жылғы жинақ бойынша берілді.

Екінші шумақтың бірінші жолы 1933 жылғы жинақта:

Мұңды жылмаң киімін,—

деп беріліпті. Ол:

Мұңды жылмаң кейіпін,—

болып түзетіліп берілді.

Төртінші шумақтың екі жолы соңғы басылымдарда:

Сенен аяр түгі жоқ,  
Бүгін жақсы көрініп,—

делініп келді.

Бұл жинақта:

Сенен аяр түгі жоқ,  
Бүгін сыйлас көрініп,—

деп Мүрсейіт қолжазбасы бойынша берілді.

292-бет. «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен». 1909, 1957 жылғы жинақ және Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

Үшінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы жинақ бойынша:

Дәні толық, басы ауыр, егіндей-ақ,—

деп берілді. 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларында (1905, 1907, 1910):

Дәні толық, басы үлкен ебіндей-ақ,—

деп берілген.

293-бет. «Жүрегім нені сезесің». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбасы (1905) бойынша берілді.



Соңғы басылымдарда алтыншы шумақтың екі жолы:

Ұялмас ақы тілеуге,  
Бермесен қалар *төгіліп*,—

делініп келді. Бұл жинақта Мүрсейіт қолжазбасы (1905) негізінде былайша түзетілді.

Ұялмас ақы тілеуге,  
Бермесен қалар *түңіліп*.

Төртінші шумақтың бірінші жолы Мүрсейіт қолжазбасында (1905):

*Үміттің* аты керек қой,—

дслінген.

Бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша:

*Халықтың* аты керек қой,—  
деп берілді.

295-бет. «*Көлеңке басын ұзартып*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Соңғы шумақтың үшінші жолы кейбір басылымдарда:

Жай жүргенді *өрт* қылып,—

деп басылып келіп еді. Бұл текст 1945 жылғы жинақта:

Жай жүргенді *уерд* қылып,—

деп түзетілген. Осы басылым бойынша берілді.

297-бет. «*Ұяламын дегені көңіл үшін*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша алынды.

Үшінші шумақтың бірінші жолы:

Туысқаның, *дос-жарың* — бәрі екі ұшты,—

деп басылып келді.

Бұл басылымда 1909 жылғы жинақ пен 1905, 1910 жылдардағы Мүрсейіт қолжазбалары негізінде:

Туысқаның, *достарың* — бәрі екі-ұшты,—

деп алынды.

298-бет. «*Жапырағы қуарған ескі үмітпен*». Өлеңнің тексі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910) бойынша жіберіліп отыр.

